



BÜGINGI SANDA

SYR ÓNIRINIŇ KINO TARIHY



5»

HALYQARALYQ ORKESTERLER FESTIVALI



7»

KIESI JYRDYŇ QONĠAN JER

8»

Prezident

ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ТМД-ға мүше елдердің Үкімет басшылары кеңесінің мүшелерімен кездесті.

Кездесуге Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.Сағинтаев, Әзербайжан Республикасының Премьер-Министрі Н.Мамедов, Беларусь Республикасының Премьер-Министрі С.Румас, Қырғыз Республикасының Премьер-Министрі М.Абылгазиев, Тәжікстан Республикасының Премьер-Министрі К.Расулзода, Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрі А.Арипов, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Д.Медведев, Армения Республикасының бірінші вице-премьері А.Мирзоян, Түрікменстанның Министрлер Кабинеті төрағасының орынбасары Г.Муратов, ТМД-ның Атқару комитетінің төрағасы – Атқарушы хатшы С.Лебедев қатысты.

Мемлекет басшысы ТМД-ға мүше елдер делегацияларының басшыларына ілтипат білдіріп, Достастық мемлекеттерінің ынтымақтастығын нығайту үшін бүгін өтіп жатқан Кеңестің айрықша мәні бар екенін атап өтті.

– Бүгін сіздер Үкімет басшылары кеңесінің кезекті отырысына қатысасыздар. Оның күн тәртібінде 15 нақты мәселе бар. Бұл іс-шара елдеріміз арасындағы өзара тиімді қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға зор үлес қосады деп сенемін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті ТМД елдері арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытудың маңыздылығын айтты.

– Ширек ғасырдан астам уақыт ішінде ТМД іргелі ұйымға айналды. Бұл бірлестік халықтарымыз арасындағы тарихи байланыстарды сақтап қалуға мүмкіндік беріп, әр елдің егемендігін нығайтуға септігін тигізді. Қазіргі кезде Достастық аясындағы өзара ықпалдастықтың маңыздылығы арта түсті. ТМД-дағы сауда-саттық көлемі өсіп келеді. Былтыр тауар айналымының көлемі 25 пайызға артып, 164 миллиард долларға жетті. Мұндай үрдіс биыл да жалғасын табауда, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті ТМД мемлекеттер басшылары кеңесінің биылғы отырысының нәтижелеріне де тоқталды.

– Біз ұйымдымызды нығайту мәселелерін қарастырдық. Соның ішінде жұмыстың тиімділігін арттыруға және оны заман талабына сай бейімдеуге бағытталған жаңғырту үдерісін ілгерілетуге мән бердік. Достастық аясындағы экономикалық кооперацияны кеңейту үшін Экономикалық даму стратегиясын жандандыру және ТМД елдері көрсететін қызметтердің еркін саудасы туралы келісімнің қабылданған жобаларын жүзеге асыруды жеделдету қажеттігі айтылды, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Душанбеге Мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында жария етілген жаңа ұсыныстар, соның ішінде ТМД аясында сауда кедергілерін жою, көлік-логистика және туризм салаларындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру, ғарыш саласындағы жобаларды жүзеге асыру, цифрлық экономиканы дамыту және инновациялық шешімдерді пайдалану мәселелерін талқылау нәтижесі жөнінде әңгімеледі.

Нұрсұлтан Назарбаев сөзінің соңында Мемлекеттер басшыларының кеңесінде айтылған бастамаларды іске асыру үшін нақты шаралар кешенін әзірлеу қажеттігін айтты.

– Барлық бағыт бойынша тиімді шаралар кешенін әзірлеу – маңызды міндет. Бұл бастамалардың жүзеге асырылуы экономиканың дамуына септігін тигізіп қана қоймайды, сондай-ақ мемлекеттеріміз арасындағы достық әрі тұрақты қарым-қатынастарды нығайтудың маңызды факторына айналады, – деді Мемлекет басшысы.

Baspasóz túry

Қазір шағын және орта бизнес бастаймын деушілерге жүйелі қолдау бар. Бастамасы батыл, жұмысы қарқынды кәсіпкерлер мемлекет берген мүмкіндікті тиімді пайдаланып, Қызылордада бұрын болмаған өндіріс орындары жұмысын бастады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының ұйымдастыруымен өткен баспасөз туры «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы бой көтерген осындай зауыттарды араладық. Елбасының биылғы Жолдауында айтылғандай, бағдарламаның 2025 жылға дейін ұзартылуы маңызды идеяларды жүзеге асыруға жол ашады дейді кәсіпкерлер.

Өткен жылы бағдарлама көмегімен аймақта алғаш рет «Комфорт – 1 КЗ» ЖШС жана технологиялар арқылы қатайтылған, қауіпсіз шыны өндіре бастады. Бүгінде негізгі шикізат Ресейден әкелінеді. Алдағы уақытта аймақта шыны зауыты іске қосылса, шикізат та өзімізден болмақ. Зауыт шыныны термиялық өңдеуден өткізіп, 150-300С° температуралық пештерде қыздыру арқылы механикалық беріктігін 5-7 есеге дейін арттырады. Мұндай шынылар соққыға өте төзімді болғандықтан, әсіресе балаларға арналған мекеме, сондай-ақ, сауда үйі ғимараттарының сыртқы бөліктерін тұрғызуға аса қажетті дүние. Бүгінде зауытта есік, әртүрлі формадағы айналардан бөлек, сол жағалауда бой көтерген ғимараттардың шыны бөліктері де дайындалып жатыр.



Sapar

ЕЛ ҚУАНЫШЫ ЕСЕЛЕНГЕН КҮН

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Арал және Қазалы аудандарына іссапармен барды. Сапар аясында Аралдағы әлеуметтік нысандардың ашылу салтанатына қатысып, Қазалы ауданындағы тұрғын-үй құрылысының барысын көрді.

Ержан ҚОЖАСОВ

Аралдағы аудандық орталық аурухана құрылысына 4 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалған. Жүз елу адамға арналған, ұшқабатты ғимаратта терапия, хирургия, травматология, педиатрия, дерматовенерология және жұқпалы аурулар бөлімдері бар. Нысанның бас мердігері – “Әбүсер” ЖШС құрылысшылары сапаға баса мән берген.

Аймақ басшысы теңізді өңір тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– Қазіргі таңда Елбасы тапсырмасымен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында мемлекет пен жеке сектор арасында ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүріп жатыр. Облыста білім, денсаулық, спорт, жалпы әлеуметтік салалар бойынша 52 нысанның жобасы әзірленіп жатыр. Өткен жылы Қазалы теміржол ауруханасының базасында Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарының тұрғындары үшін ауданаралық инсульттық орталық, Байқоңыр қаласынан көпсалалы аурухана ашылды. Қажетті мамандарды резидентураға дайындау мақсатында облыс әкімінің грантына бөлік, қазір 22 маман оқып жатыр, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, соңғы 2 жылда

медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы нығайтылып, барлық аудандарда ауысымына 250 келушіге арналған емханалар мен 11 медициналық бекет салынды. Өткен жылдың желтоқсанында Қазалы аудандық орталық ауруханасы пайдалануға берілді. Меди-



амбулатория, төрт медициналық бекет және бір фельдшерлік-акушерлік бекет қарайды. Ауруханаға америкалық, германдық өндірістен шыққан жабдықтар алу үшін 1,5 млрд теңге жұмсалыпты. Осының арқасында күрделі оталар жасап, телемедицина арқылы еліміздегі жетекші клиникалар мамандарымен тәжірибе алмасуға мүмкіндік артты. Жакын арада МЖӨ аясында ауруханаға компьютерлік томография алу жоспарлануда. Бұл қолданысқа қосылған жағдайда бұрын тексерілу үшін облыс орталығына баратын Арал, Қазалы аудандары тұрғындары осы аурухана қызметіне жүгінеді.

– Жаңа нысан бүкіл аудан халқының қуанышына айналып отыр. Осыған дейін Аралда мұндай ауқымды аурухана болған емес. Барлық бөлімнің бір жерге топтастырылғаны да біз үшін өте тиімді, – дейді Сексеуіл кентінің тұрғыны Темірбай Айдарбаев.

Аймақ басшысы аудан орталығы мен оған қарасты елді мекендерде орналасқан емдеу мекемелеріне қызметтік көлік кілтіп табыстады. Шалғайда орналасқан Қарақұм, Аманоткөл, Қамыстыбас ауылдарында орналасқан ауылдық амбулаторияларға



табысталған автокөліктер адам жанын арашалауға асыққан дәрігерлер қызметін жеделдете түсетін болды.

Бұдан кейін облыс әкімі №14 мектеп-лицейдің ашылуында болды. Ғимарат құрылысына бюджеттен 662 миллион теңгеден аса қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары былтыр наурыз айында басталған болатын. Мектеп заманауи талапқа сай іші жаңа құрылғылармен жабдықталған. 300 оқушыға арналған білім ордасының пәндік сыныптары барлық қажетті құралмен қамтылған. Атап айтқанда, лингафондық кабинет, интер-активті такта және оқушыларды еңбекке баулитын арнайы кабинеттер де талапқа сай. 60 орындық асхана, 90 орындық акт залы мен кітапхана бар. Әсіресе, спорттық зал мен балалар ойнайтын ашық алаң ерекше көз тартады. Бұл – мектеп оқушыларының спорттың бірнеше түрімен шұғылдануларына да барлық жағдайлар жасалған деген сөз. Робототехника кабинеті, волейбол секциясы мен шеберхана жаңа оқу орнындағы жұртты қуантқан жаңалық болды.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бұл оқу орнынан білікті де білімді шәкірттердің түлеп шығарына сенім білдірді.

– Дені сау және білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ – өркениетті 30 елдің қатарына кірудің басты шарты. Мектептің жаңа ғимараты педагогикалық ұжымға білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттерді шешуге көмектеседі деп сенемін. Ал міндеттер өте ауқымды, бұл – адам капиталын дамыту. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Батыс Еуропа елдерінде адам капиталының жалпы ішкі өнімді қалыптастыруға қосқан үлесі – 30 пайыз, АҚШ-та – 40 пайыз, ТМД елдерінде ол 10-15 пайызды құрайды. Бүгінде әлеуметтік-экономикалық дамудың сапалық сипаттамалары алға шығуда. Бұл мезет баршаңыз үшін ерекше есте қалары сөзсіз. Ендеше, жаңадан бой көтерген білім ұясы ел ертеңінің тізгінін ұстап, сапалы білім нәрімен сусындаған, көзі ашық, көкірегі ояу жас ұрпақты өсіреді деген сенім білдіремін, – деп, ізгі тілегін жеткізді. Былтыр Арал ауданында апаттық мектептердің орнына 6 жаңа білім ұясы салынған болатын. Жаңа мектептің ашылуына ата-аналар мен ұстаздар қауымы ризашылықтарын білдірді.

2-бет

«БЖК-20»: БЕРЕКЕЛІ БИЗНЕС БАСТАУЫ

дырып келсе, енді аталған зауыт жергілікті нарықты өзі қамтамасыз етпек.

Мұнан кейін облыстағы ең ірі құрама жем өндіру зауыты «Жан Арай» агроөнеркәсіптік кешенінің жұмысымен таныстық. 2012 жылы зауыттың құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін «Сбербанк» арқылы 190 млн теңге несие алынып, оның 95 млн теңгесіне «Даму» қоры арқылы субсидия жасалған. Бүгінде өндіріс орны өнім шығара бастады. Сондай-ақ, күніне 150 тонна күріш ақтап шығаратын күріш зауыты жұмыс істеп тұр. Ал жуырда кешен аумағында «Салтанат сарайы» пайдалануға

беріліп, мұнда банкет залы, 10 нөмірлі қонақүй, 50 орынды хостел, сондай-ақ лаунж-бар, конференц және көрме залдары, оқу орталығы, 500 орынды тойхана ашылды. Жаңа нысанда қазір 50 адам жұмыспен қамтылған. Кешендегі оқу орталығында негізінен аграрлық сала мамандары білімін жетілдіреді.

Серіктестік директоры Мұрат Айменовтың айтуынша, агроөнеркәсіптік кешенде 2019 жылы мақарон цехы іске қосылады. Айта кету керек, аймақта алғаш рет күріш ұнынан мақарон өнімдері әзірленбек.

– «Бизнестің жол картасы-2020»

бағдарламасы бойынша «Сбербанк» арқылы 1 млрд теңге несие алып, цехты келер жылы іске қосуды жоспарлап отырмыз. Арнайы құрал-жабдықтарды Оңтүстік Кореядан алдырып, жаңа технология бойынша мақаронның бірнеше түрін өндіреміз. Қазіргі кезде Жаңа-қорған, Сырдария, Қармақшы аудандарында агроөнеркәсіптік кешеннің 10 мың гектар күріш алқабы бар. Өзіміздің диқандар өсірген күріштен үн өндіріп, сол ұннан жылына 10-15 мың тонна мақарон жасаймыз, – деді ол.

Бүгінде «Жан Арай» агроөнеркәсіптік кешенінде өндірілген құрама жем облыс аумағындағы 26 кооперативке, одан бөлек Шымкент, Ақтөбе қалаларына жіберіледі. Ал күріш ел аумағынан бөлек Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Ресей, Тәжікстанға экспортталуда.

Биыл кәсіпкерлікті кеңінен қолдау мақсатындағы бағдарламалар нәтижесінде кәсіпкер Айгүл Мұханбетжанова шұлық өндіру цехының жұмысын бастады. Осы кезге дейін балық сатып, «Арзан балық» дүкенін қалыптастырған ол енді елдің барлығына қажет өнім ретінде шұлық жасау ісін тандаған. Қазіргі кезде негізгі шикізат Өзбекстаннан келетін сапалы мақта жігіттерінен өндіріледі. Жаздық, күздік шұлықтардың күніне 350-400

данасын шығаратын цехта, өнімнің жаңа түрлерін дайындау мақсатында оқыту жұмыстары басталмақ. Кәсіпкер келіншектің өндіріс ашуына «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы қолдау көрсетіп, «Халық Банкі» арқылы 25 млн теңге қаржы бөлінген.

Жалпы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы республика бойынша 2010 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Облыс бойынша осы кезге дейін бюджеттен 15 млрд теңгеден аса қаржы қаралыпты.

– Биыл бағдарлама аясында 102 жоба мақұлданды. Жергілікті кәсіпкерлер үстеме мөлшеріне 14 процентпен несие алса, пайыздық үстемесін субсидиялау арқылы жеңілдік жасалады. Кредит бойынша ішінара кепілдік беру бағыты да жаңа бизнес бастамаларға жол ашты. Мұнан өзге бағдарлама шеңберінде ісін жаңа бастаған жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға 3 миллион теңгеге дейін грант қаражатын бөлу қарастырылған, – дейді кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары Азамат Досжанов.

Байқағанымыздай, еселі еңбек етіп, берекелі бизнес бастаймын деушілерге мемлекеттік бағдарламаның берері мол.



ЕЛ ҚУАНЫШЫ ЕСЕЛЕНГЕН КҮН



Келесі нысан аудандық оқушылар үйі болды. Өткен ғасырдың орта шенінде салынған ғимаратқа облыс әкімі арнайы барды. Мыңға жуық шәкіртті 17 үйірге топтастырған бұл нысан 2014 жылдан бері апаттық жағдайда деп танылған. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев өз кезегінде оқушылар үйінің қазіргі жай-күйімен таныстырып, алдағы уақыттағы салынатын 250 орындық ғимараттың эскиздік жобасымен таныстырды.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Сыр журналистикасының ардагері Шәкірат Дәрмағамбетовтің 90 жылдық мерейтойына арналған құрметті шара өтті. Салтанатты рәсім барысында аймақ басшысы ардагерді мерейтойымен құттықтады.

— Сыр өлкесі арғы-бергі тарихымызда дарынды ақын-жазушылардан, жырыш, қаламгерлерден кеңде емес. Солардың бірі — талантты туындыларымен-ақ тұғырлы тұлғаға айналған, қаламы қарымды, ойы алымды, журналистика саласында өзіндік қолтаңбасы бар Шәкірат Дәрмағамбетов ағамыз. Соғыс басталғанда 12-13 жастар шамасындағы бала болса да, «Еңбек армиясына» кеткен әкесінің ау-құралына ие болып, теңізден балық аулады. Пединститутты бітіргеннен кейін мектепте, партия комитетінде және аудандық, облыстық газеттердің редакцияларында

1-бет.

Kәсіпкерлік

«ҰШҚЫННЫҢ» ІСКЕРЛІК ҰШҚЫНЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев “Ұшқын” Қызылорда мүгедектерінің оқу-өндірістік кәсіпорны” ЖШС жұмысымен танысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Осыдан 6 жыл бұрын «Ұшқын» мүгедектердің құқығын қорғау және жәрдем беру» қоғамдық бірлестігі ретінде ашылған мекеме көп ұзамай оқу-өндірістік кәсіпорны болып қайта құрылған болатын. Бес сала бойынша жұмыс істейтін кәсіпорында тротуарлық плиткалар мен жол жиек тастары, пластикалық терезе, есік және витраждар, кез келген офистік және үйге арналған жиһаз өнімдері өндіріледі. Сондай-ақ, сыртқы жарнама қызметінің барлық түрлері, әртүрлі полиграфиялық өнімдерді шығару мен клинингтік қызметтер, компьютерлік және перифериялық құрылғыларды жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Оған қоса тігін цехы өз жұмысын алға қойып үлгерген. Бүгінде мұнда 211 адам жұмыспен қамтылған, оның ішінде 119-ы мүмкіндігі шектеулі азаматтар. Жыл басынан бері аталған ұйым 331 мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысып, 342,6 млн теңгенің тапсырысын орындап отыр.

Айта кетейік, «Ұшқын» Қызылорда мүгедектерінің оқу-өндірістік кәсіпорны» ЖШС құрамына «Қазақ соқырлар қоғамының», «Қазақ саңыраулар қоғамының» Қызылорда, Арал, Қазалы, Сырдария аудандары мен Жосалы кентіндегі филиалдары, сондай-ақ «Жігер» қоғамдық ұйымы кіреді.

Кәсіпорында ерекше назар аударатын бастаманың бірі — өңір экологиясын жақсарту мақсатында қолға алған жоба.

жұмыс істеді. Бүгінде ауданнан шыққан қаламгерлер, журналистер көшін тоқсанға келсе де тұғырдан түспеген Шәкірат ағамыз бастап тұр, — деді аймақ басшысы.

Сыр журналистикасындағы көпжылдық еңбегі үшін Шәкірат Дәрмағамбетовті облыс әкімі ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттап, иығына қазақы дәстүрмен шапан жапты. «Нива» автокөлігін сыйға тартты. Мерейтой несіне облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, еліміздегі Балық шаруашылығы министрі болған, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кішкене Айбосынов жүрекжарды тілектерін жеткізді.

Сыр елінің ардақ тұтар абызына айналған мерейтой иесі өзіне көрсетілген құрмет үшін алғаусыз алғысын білдірді.

Аймақ басшысы келесі кезекте жаңадан салынған бір пәтерлік 27 коммуналдық тұрғын үйлердің жағдайымен танысып, тұрғындармен кездесті. Арал қаласындағы Байқоңыр көшесінде орналасқан 27 үйдің тұрғындары облыс әкіміне тез арада баспана мәселесін шешіп бергені үшін шексіз алғыстарын білдірді. Орналасқан аумағы сәтті таңдалған бұл шағын аудандағы әр үйдің ауласында тұрмыстық қажеттілікке арналған қосымша учаскелері де бар. Жарық жүргізіліп, су тартылған. Сондай-ақ, мердігер

компания өз қаржысы есебінен табиғи газ жүргізіп, жылытқыш пешпен жабдықтаған.

Тұс ауа облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қазалы ауданында болды. Алдымен «Қазалы Керуен» көлік және сауда-логистикалық орталығымен танысты. Қаларалық автовокзал сағатына 250 адамға қызмет көрсетеді, 1080 шаршы метр болатын автотұрақ, техникалық қызмет көрсету орны, сауда және демалыс бөлмелері салынған. Ғимарат толық іске қосылғанда 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады.

Әйтеке би кентінде 18 пәтерлік алты үйдің құрылысы жүргізілуде. Аймақ басшысы құрылыс алаңында болып, инженерлік коммуникацияларды жүргізу бойынша атқарылған жұмысқа оң бағасын берді. Бүгінде төрт үйдің үйдің іргетасы қаланып, бір үйдің құрылысы біткен. 18 пәтерлі 6 жалдамалы көпқабатты үйдің біреуінде 2 бөлмелі — 12 пәтер, 3 бөлмелі 6 пәтер бар.

Ауданды дамытудың бас жоспарына сәйкес алдағы уақытта Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы біріктіріледі. Қазіргі таңда табиғи газ, ауыз су және электр энергиясы жүргізіліп, жалпы көлемі 500 гектар аумаққа жол салынуда. Инженерлік коммуникацияларды жүргізу жұмыстары келесі жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.



Бір гектар алқапқа павловния талын егіп, сынақтан өткізген олар осы арқылы ауаны тазартып қана қоймай, жерді құнарландыруға болатындығын дәлелдейді. Алдағы жылы 3 гектарға егіп, Сырдың жерін саябаққа айналдырмақ.

Осындай келелі жұмыстың бастамашысы болған кәсіпорның 5 жыл ішінде облыс бойынша мүмкіндігі шектеулі жүздеген адамды мамандықпен және тұрақты табыспен қамтамасыз етіп, түрлі өнімдер мен қызметтерін ұсынууда. Мұндағы әрбір қызметкер бүгінгі жасап жатқан жұмыстарына

дән риза.

— Менде 20 тігінші жұмыс жасайды. Біздер төсек жапқыштарын, арнаулы киімдер мен халаттарды тігіміз. Тапсырыс бар, өзімізден бөлек Орал, Шымкент, Қостанай қалаларына жіберіп отырамыз, — деді тігін цехының жетекшісі Ләззат Мұстафаева.

Аймақ басшысы аз жылдың аясында іргелі өндіріс орнына айналған кәсіпорын жұмысына оң баға берді. «Ұшқындықтардың» ұсыныстары ескерусіз қалмайтынын, алдағы уақытта оң шешімін табуына ықпал ететіндігін білдірді.

сеарапшысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі Н.Қаражан әлеуметтанулық зерттеулердің әдістері мен қоғамдағы рөлі туралы баяндады. Облыс әкімі аппараты «Қоғамдық келісім» мекемесінің бөлім басшысы, Қорқыт ата атындағы КМУ оқытушысы, саяси ғылымдар кандидаты С.Сахиев аймақта әлеуметтанулық зерттеулерді жүргізудің тиімді әдістері туралы айтып.

Семинардан соң қоғамдық-саяси ахуалын зерделеуші мамандарға, аудандар және Байқоңыр қаласы бойынша ақпараттық талдау орталығының интервьюерлері мен сарапшыларына, БАҚ өкілдеріне сертификат табысталды.

«СБ» ақпарат.

Máshhat tynyss

Қармақшы ауданы бойынша барлық елді мекендер мен Байқоңыр қаласын қосқанда аудандық мәслихат депутаттарын сайлау жөнінде 13 сайлау округі бар. Депутаттық корпус 2016 жылдың 25 наурызында жаңадан жасақталып, аудандық мәслихаттың 13 депутаты бүгінде өз қызметтерін атқаруда. Әрбір халық қалаулысының қоғамда өз орны бар, бір сөзбен айтқанда, халықтың мұң-мұқтажы жолында тер төге алатын, қоғамдағы процестердің барлығына қатысушы, жоғарғы билік алдында сол халықтың сөзін сөйлей алатын азамат ретінде елге белгілі тұлғалар. Жалпы атқарушы органдар тарапынан бағдарламаға, жоспарға, іс-

қимылға сәйкес атқарылатын жұмыстар депутаттар мен тұрғындар арасында талқыланып, ұсыныстармен нақтыланып отырса, халық пен билік арасында тығыз байланыс күшейе түсетіні белгілі.

Аудандық мәслихатта «Экономика, қаржы, бюджет, жергілікті басқару және дағдарысқа қарсы іс-қимыл», «Аймақтық даму, өндіріс және ауыл шаруашылығы салалары, сауда, бизнес кәсіпкерлікті дамыту, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану», «Әлеуметтік, жастар саясаты, құқық қорғау, спорт, туризм және мәдениет» мәселелері жөніндегі комиссиялар жұмыс атқарады.

ХАЛЫҚТЫҢ ЕРКІН БІЛДІРУ– МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Тұрақты комиссиялар күн тәртібіне қойылған ең өзекті деген мәселелерді өз отырыстарында қарап, талқылап, тиісті қаулылар қабылдап, олардың орындалуын қадағалап мәслихат сессияларына ұсынып отырады. Тұрақты комиссиялар сессияда қаралатын мәселелерді алдын ала талқылаумен қатар, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін және халықтың тұрмыс жағдайларын жақсартуға қажет болатын ауқымды істермен, аудандағы мекемелер мен кент, ауылдық округтерде атқарылған жұмыстарды да назардан тыс қалдырмайды. Шешімі табылатын ең өзекті деген мәселелерді кезекті отырыстарында қарап, талқылаудан өткізіп, тиісті қаулылар қабылдап келеді.

Сайлаушылармен тығыз қарым-қатынас орнатудың, манызды мәселелерді билік орындарына жеткізудің жолдары көп. Солардың бірі — арнайы жасалған кестеге сәйкес сайлау округтерінде азаматтарды қабылдау және есеп беру. Қармақшы аудандық мәслихат депутаттары өздері сайланған округтері бойынша сайлаушылармен кездесулер өткізді. Кездесулер барысында бұрынғы жұртшылықты көбіне жеке басқа қатысты мәселелер толғандырып келген болса, соңғы жылдарда тақырыптың басқа ауаңға ойысқаны байқалады. Мұның өзі адамдардың саяси ой жүйесінің артқанын, қоғамдық мәселелерді бейжай қалдырмайтынын білдірсе керек.

Депутаттар ауданның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өміріне белсене атсалысып, демеушілік көмектерін көрсетіп отырады. Әр депутат өз округі бойынша аз қамтылған жандарға, жалғызбалалы қарттарға, көпбалалы отбасыларға жеміш, қысқы отын түсіріп беру көмектерін ұйымдастырады.

Аудан халқының алғысына бөленіп, үнемі ел аузында жүретін халық қалаулылары А.Үсенов, Ж.Тілегәбаева, Ғ.Ұзақбаев, М.Есжанов, Н.Пірмантаев, Т. Ералиев, Е.Рзаиев, А.Қаржаубаев, К.Расва қолдарынан келген көмектен анып қалмай, әлеуметтік саланың дамуына өз үлестерін қосып жүр. Аудандық мәслихат депутаттары облыстық мәслихат депутаттарымен тығыз байланыста жұмыс атқарып, ауданның әлеуметтік-экономикалық проблемаларына және бюджеттік саясатқа, заңдылық пен құқық тәртібінің нығаюына айтарлықтай көбірек көңіл бөледі.

Облыстық мәслихаттың сессияларында қаралатын манызды мәселелерге байланысты құрылатын комиссиялар құрамында да аудандық мәслихат депутаттары белсенділік танытып, мәселелердің оң шешімін табуға өз ұсыныстарын айтып, іске асуына ықпал етуде.

Аудандық мәслихаттың, оның депутаттарының атқарар міндеті аз емес. Олардың ең бастылары — атқарушы органдармен бірлесіп отырып, ауыл-аймақты дамыту бағдарламасының орындалуына қол жеткізу, жұмыспен қамтуды жетілдіру, ауыз су, жол құрылысы, газдандыру, ауданда кіші және орта кәсіпкерліктің, экология, тағы басқа мәселелердің шешілуіне ықпал жасау. Қандай шешім қабылданса да, оның түпкі нәтижесі — орындалуында, халыққа тиісінше пайдасында.

Үкілетті орган елдегі тұрақтылықты, әлеуметтік жағдайды, тұрмыстағы ілгерілеушілікті, шаруашылықты дамытудағы игі қадамдарды бір деңгейде жүргізуді бақылап және соған тиісті деңгейде жетекшілік жасайды. Осы бағытта белсенділік таныту мәслихат депутаттарының құзырын кеңейтіп, жауапкершілігін арттыра түсті. Бұған қоса әрбір депутаттың сайлаушылар алдындағы жауапкершілігінің, іскерлігі мен ұйымдастыру қабілеттерінің арта түсуін өмірдің өзі талап етіп отыр.

Аудандық мәслихаттың өткен қазан айындағы кезекті сессиясында аудан әкімінің депутаттар алдында есебі тыңдалып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы және ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнесті қолдау, аудан экономикасын дамытуға бағытталған инвестиция тарту жайлы атқарған жұмыстарына оң баға берілді. Сонымен қатар, аудандық мәслихат депутаттары аудан бюджетін анықтауда өздері сайланған аймақтарындағы елді мекендерде орын алып отырған кезек күттірмейтін, мемлекет та-



рапынан қолдауды қажет ететін түйінді мәселелердің шешілуіне ықпал етеді. Бюджет қаражатының мақсатсыз жұмсалыуына, бюджет кірісін арттыру, жоспарлы міндеттердің орындалуын басты назарда ұстап келеді.

Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып келе жатқан депутаттардың еңбектері орасан. Мәслихат депутаттарының 33 пайызы ауыл шаруашылығы саласының дамуына өз үлестерін қосудан қатар, ерекше белсенділік танытуының нәтижесінде, өткен жыл аудан үшін табысты болды. Ауданымыз ауыл шаруашылығы саласы еңбеккерлерінің қажырлы жұмыстарының арқасында облыста екінші орынды иеленді. Өзін-өзі басқарудың негізгі өкілді органы ретінде мәслихаттардың рөлі бұрынғыдан әлдеқайда күшейіп, олардың құқықтары мен құзырының асыуы кенді.

Кент, ауыл әкімдері төрт жылға жанама сайлау құқығы негізінде жасырын даусы беру арқылы сайланатыны белгілі. Осылайша оларды төте сайлауда халық сайлаған, өз сайлаушыларының көзқарасын назарға алатын аудандық мәслихат депутаттарының тандаушылары сайлап келді. Мысалы, биыл осындай жолмен Жосалы, Төретам кенттері және Иіркөл, Қуандария ауылдық округінің әкімдері сайланды. Ауыл, кент әкімдерінің сайланбалылығын енгізу жергілікті халық үшін жергілікті билік органдарының жұмысын бақылауға нақты мүмкіндік берудің, мемлекеттік басқару жүйесін сапалы түрде өзгертудің тетігі болып табылады.

Сонымен бірге бюджет қатынастарына байланысты терең өзгерістерге ұшыраған, әр аймақтағы әлеуметтік-экономикалық үдерістерді тиімді басқару, оны қазіргі кезеңдегі жаһандық дамудың аясында, заман талаптарына сай қарқынды жүргізудің де жаңа жолдың қажеттігі туындап, 2018 жылға арналған 4-ші деңгейдегі бюджеттер бекітілді.

Депутаттардың сайлаушыларды қабылдаулары кезінде кездесулерде айтылған ұсыныс-пікірлер мәслихатта жинақталып, біразы оң шешімін тауып, орындалуы жолға қойылды. Олардың қатарында сайлаушылардың көбірек көңіл бөліп, шешілуін күтетін аудан орталығындағы көшелерді, елді мекендерді ауыз су, аяқ сумен қамтамасыз ету, газдандыру, кейбір көшелерді асфальттау, жолдарды жөндеу, аудан аумағындағы мал жайылымдарын суландыру жұмыстарының жүйелі жүргізілуі, тұрғын үй жағдайлары, тағы басқа толып жатқан әлеуметтік мәселелерді айтуға болады.

Аудандық мәслихат депутаттары атқарушы органдармен, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп отырып, Елбасы тапсырмаларының, қабылданған бағдарламалардың уақытылы әрі сапалы орындалуына атсалысады және аудан тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытындағы жұмысын жалғастыра береді.

Марат НАЯТУЛЫ,
Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы.



"TSIFRLYQ QAZAQSTAN"

"Syr boyy" gazetiniń arnayı beti



Бүгінде IT саласына қызығатын жастар көп. Олардың жасаған жобалары қолданысқа еніп жатыр. Солардың бірі – Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың журналистика мамандығы бойынша тәлім алып жатқан Дастан Айтбай. Жақында өткен «Байқоңыр Start-up 2» бизнес идеялар байқауына Дастанның «Қауіпсіз құлаққап» жобасы үздік атанды.

☞ Сара АДАЙБАЕВА

ДАСТАННЫҢ ЖОБАСЫ – «ҚАУІПСІЗ ҚҰЛАҚҚАП»

Жас дарынның жобасы жайында өзінен кеңірек білген болатынбыз.

– Менің мамандығым журналист. Сондықтан үнемі статистикаға мән беріп отырамыз. Елімізде әрбір үшінші адам құлаққап қолданады. Оған қоса күнделікті жаңалықтардан осы құрылғы салдарынан орын алған қайғылы жағдайларға күз боламыз. Содан осы жоба туралы ой келді, – дейді Дастан.

«Қауіпсіз құлаққап» жобасы ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асқан. Көліктің дабылы қосылған кезде құлақтағы әуен автоматты түрде тоқтап қалады. Дастанның айтуынша, жобаны жүзеге асыру үшін 4 ай уақыт кеткен. Бір жобаға көп қаражат қажет емес екен. Бір құлаққапты жасау үшін шамамен 1500-2000 теңге жеткілікті. Құлаққаптағы арнайы құрылғы мен мобильді қосымшадағы «қауіпсіздік» деген функциясын басқан кезде дыбыстарға әсер береді. Тыңдап келе жатқан музыка өшеді. Енді талантты жас «Байқоңыр Start-up 2» бизнес идеялар байқауында алған қаржы-

сына құлаққаптарға қауіпсіздік белгісін орнатып, қолданысқа енгізбек. Қазір оған облыс әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дан жобаны одан әрі жетілдіруге ұсыныс түсті.

Жалпы, Дастанның бұл бірінші жобасы емес. Бұған дейін студент вирусқа қарсы қорғаныс ретінде қолданылатын жоба авторы атанған. Бұл жоба облыс әкімдігінің қолдауымен ақпараттық технологияны дамыту мақсатында ашылған IT паркінде көпшілікке кеңінен таныстырылған. Бұл хакерлер шабуылынан қорғаныс ретінде бағаланды. Дастан оған «Кафка бағдарламасы» деген атау берген. Жас дарын жобаның келешекте өз жемісін беретініне сенімді мол.

Бүгінде Дастанның жеткен жетістігі аз емес. Ол түрлі республикалық және халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иемденіп келеді. Болашағынан зор үміт күтуге болатын жас алдағы уақытта да маңызды зор жобаларды жүзеге асыра бермек.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫС

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар саласының болашағы зор екенін бүкіл әлем мойындап отыр. Осыған байланысты қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын арттыру, тұрғындардың 95 процентін цифрлы хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 процентке дейін ұлғайту көзделуде. «Цифрлық Қазақстан» тек бір ғана IT саласын емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған.


☞ Шынар БЕКБАН

Осыған сәйкес елімізде «Бағдарламалау, робот техникасы және 3D-принтинг» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы әзірленген болатын. Осы бағдарлама бойынша республикадағы орта мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының информатика пәнінің мұғалімдері 2 апталық курскқа қатысып, бағдарламалау, робот техникасы және үш өлшемді баспа технологияларын оқытудағы педагогикалық тәсілдерін меңгерді.

Бүгінде облыстың информатиктері қаладағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің базасында өткен курсты сәтті аяқтады. 10 күнбойымектептің IT мамандары/Дидархан Иманбеков және Айбек Қиянбеков ауыл және қала мектептерінен келген 50 ұстазға оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыратын бағдарламалау, роботтық техника және 3D-принтинг негіздері бойынша дәріс оқып, бірлескен тәжірибелік жұмыс жасады. Оның ішінде түрлі бағдарламалау орталарын меңгеріп, анимациялар жасау, сурет салу, ойындар мен өмірде қажетті мобильді қосымшалар құрастыруды үйренді.

– Еліміздің білім беру саласына заман талабына сай жаңа реформалар енуде. Соған сәйкес, сала мамандары жаңа форматта жұмыс жасауды бастап кетті. Бұл қадамдардың тиімділігін ғалымдар әлдеқайша дәлелдеп қойғаны белгілі. Мәселен, салаға енгізіліп жатқан жаңа бағыттардың бірі – робототехника, 3D printing, мобильді қосымшалар. Бүгінде курс барысында білікті мамандардың бағыт-бағдарымен IT технологияның жай-жапсарын үйреніп қалдық. Жинақтаған тәжірибемізді жұмыс барысында қолданатынымыз анық. Оның үстіне, қазіргі таңда мектеп оқушыларының жаңа техника мен технологияға деген қызығушылығы зор, – деді Сырдария ауданындағы №210 орта мектебінің информатика пәні мұғалімі Жанасая Залова.

Робот техникасын оқыту ерекшеліктері мен үш өлшемді баспаны пайдалану жолдары, оны білім беруде қолдану бағыттары талданып, мұғалімдерде ақпараттық-коммуникация технологияларын қолдану дағдылары



қалыптасты. Қазалы ауданынан келген Фариза Махамбетова информатика пәні жаңашыл технология әлемімен байланысты болғандықтан, әрбір жаңалық пен өзгерістерді қалт жібермей үйреніп отыру керек деп есептейді.

– Бұл курскқа облысымыздың барлық аудан, ауылдарынан мұғалімдер келіп, өз білімдерін жетілдіруде. Оқу барысында 3D принтинг, мобильді қосымша, скертч, Arduino uno бағдарламалары туралы біле түстім. Осының ішінде мені қызықтырған arduino uno бағдарламасы. Бұл бағдарлама информатика пәнімен қоса, физикалық қоршаған әлеммен тығыз байланысты. Біз өмірде электр желілерін көп тұтынамыз. Мысалы, қалта телефон, компьютер, ноутбук, үй ішіндегі жарық шамдар, т.б. Біз осы компоненттердің бәрін, осы arduino uno арқылы өз қолымызбен жасап көрдік, – деді №266 мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі Ф.Махамбетова.

Курс барысында тыңдаушыларға педагогикалық шеберлік орталығы дайындаған «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық» атты әдістемелік құрал таратылды. Нұсқаулық мұғалімдерге бағдарламалау, робот техникасы және үш өлшемді баспа ықпалдастырылған сабақтарды жоспарлап өткізуге көмектесетін болады.

ҚЫЗЫҚ, Ә!

* Гималайда (Қытайдың оңтүстік батысы) қызыл панда тіршілік етеді. Оларды ағылшын тілінде firefox дейді. Алайда, осы ат-тас белгілі браузердің логотипінде панданың емес, қызыл түлкінің суреті бейнеленген.

* Осы күні біз көріп жүрген жарты алма Apple компаниясының алғашқы логотипі емес. Ең бірінші онда алма ағашының түбінде Исаак Ньютонның отырғаны, ал оның төбесіне алма құлап түсіп келе жатқаны суреттеліпті.

* 2009 жылы Google корпорациясы California Grazing компаниясынан ешкілерді жалға алыпты. Неге? Өйткені олар корпорацияның штаб-кеңсесі маңындағы арамшөптерді тазартуға көмектескен.

* Microsoft-тың негізін қалаушы Билл Гейтс оқымысты болған деп ойласаныз, қателесесіз. Ол Гарвард университетіндегі оқуын аяқтай алмаған. Бірақ бұл әлемдегі ең бай IT компаниясын құруына кедергі болған жоқ.

* Әлемдегі ең алғашқы магнитофон 1956 жылы құрастырылды және көлемі жағынан пианиномен бірдей болды.

* Компьютерде мәтін теруінің саусақтары күн сайын шамамен 20 шақырым жүгіреді екен.

* Тұңғыш фотокамермен түсірілген суретті 8 сағат бойы күтуге тура келген.

*Қытайда Skype-ты пайдалануға рұқсат жоқ.

* Қағазға қарағанда экрандағы мәтін 10% баяу оқылады.

* Электронды пошта интернет-тен бұрын пайда болды.

* Спам таратқаны үшін әлемде ең бірінші (2005 жылы) сотталған адам – Энтони Греко.

* Интернетке 1984 жылы – 1000, 1992 жылы – 1 млн, 2008 жылы 1 млрд құрылғы қосылды.

* Адамдардың 97%-і Google-да «осы жазғаным дұрыс па, жоқ па?» деген оймен ғана сөз тереді.

* Араб әйелдерінің 4%-і ғана интернет пайдаланады.

* 666-6666 ұялы нөмірі аукционда 2,7 млн долларға сатылды.

* Facebook-тің интерфейсті көк түс етіп таңдауында мән бар. Өйткені оның негізін қалаушы



ЕМХАНА ЖЕТІСТІГІ – ІР-ТЕЛЕФОНИЯ

Елбасы жуырдағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «Медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып саналады» деп атап, осы орайда бастапқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігін арттыруды тапсырды.

☞ Айнуір БАТТАЛОВА

Бұл алдыңғы Жолдауда айтылған ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық жүйеге көшу, сол арқылы қызмет сапасын арттыру туралы міндеттерді одан әрі толықтыра түскендей. Осыған байланысты электронды денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу, соның нәтижесінде медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру көзделуде. Бұл орайда «Денсаулық сақтау саласын цифрландыру» бойынша облыстың Жол картасы бекітіліп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Әсіресе, денсаулық сақтау саласының негізі болып саналатын бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарын цифрлық жүйеге көшіру қарқын алды.

Мәселен, қаладағы ең ірі медициналық ұйымның бірі болып саналатын – №6 емханада бұл жұмыс жүйелі жүргізілуде. Емхана бас дәрігері Жаннат Қожарипованың айтуынша, бүгінде дәрігерлік үйге шақырту, оның қарауына жазылу, сараптама қорытындыларын зертханаға жолдау және еңбекке жарамсыздық парақшасын беру автоматты түрде атқарылады. Соның нәтижесінде дәрігерлер қағазбастылықтан арылып, емдеу ісін сапалы жасайтұда.

Емхана қызметкерлері медициналық-ақпараттық жүйемен жұмыс жасайды. Цифрлы технологияның арқасында бұған дейін қағазға жазылатын есептік құжат қажетсіз болып қалды. Емханаға тіркелген тұрғындардың 98 процентіне электронды

денсаулық төлқұжаты жасакталды. Осылайша науқастар өзімен бірге анықтама немесе басқа да қағаздар бумасын аркалап жүрмейтін болды. Тек өз аты-жөнін айта-са жеткілікті, олардың қандай сырақатқа шалдыққаны, нендей ем қабылдағаны, медициналық сараптама қорытындысы жайлы біліп отыруға болады. Бұл, ең алдымен, қарапайым тұрғын үшін өте қолайлы болмақ, – деді бас дәрігер.

Соңғы екі жылда емханадағы компьютерлер саны екі есеге артқан. Интернет жүйесі де жоғары жылдамдықта жұмыс жасайды. Қазіргі кезде бір дәрігерге екі компьютерден келеді. Бұл дәрігер мен мейібікере бір мезгілде медициналық-ақпараттық жүйеде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Дәрігер компьютердің тетігін бір-екі басып-ақ, науқастың барлық мәліметтерін қарап, қажет болған жағдайда басқа дәрігерге жолдай алады.

Емхана 64000 тұрғынға қызмет көрсетеді. Емделушілер үшін «Damshmed» мобильді қосымшасы жұмыс істейді. Ол арқылы тұрғындар дәрігерді үйге шақырта алады не маман қабылдауына жазыла алады. Сонымен бірге, бұл қосымшаның көмегімен еңбекке жарамсыздық парағын, дәрігер берген рецепттерді, зерттеу нәтижелерін көре алады. Мамандар емханаға келушілер арасында мобильді қосымшаны пайдаланатындар санының артып келе жатқанын айтады.

Емхана «ЮНИСЕФ» балаларды қорғау қорының пилоттық жобасы бойынша жұмыс жасауда. Екі жыл қатарынан патронаж мейібікелер осы

қордың «Патронаждық аяхан» мобильдік қосымшасын күнделікті жұмыс барысында қолданып отыр. Бұл мобильдік қосымша патронаждық қызметкерлердің құжаттар толтыруын оңтайландырып, мейібікенің отбасымен тікелей жұмыс жасауына жеткілікті уақыт арнауына негізделеді.

Медициналық қызметкерлердің жұмысы емханада ғана емес, сондай-ақ, емхана сыртында да цифрлық жүйеле ұйымдастырылған. Мәселен, тұрғындар «халықтық бақылау» мобильді қосымшасы арқылы кез келген медициналық ұйымды дұрыс таңдауға және сол ұйымның жұмысын бағалауға мүмкіндік береді. Бас дәрігердің айтуынша, бүгінде бұл мобильді қосымша емхана жұмысының жасқара түсуіне ықпал етуде.

– Емханамыздың соңғы жетістігінің қатарында IT-телефония бар. Қазан айынан бастап емханада тұрғындардың қоңырауын қабылдайтын бірыңғай СаП-орталық іске қосылды. Бұл жоба қызмет көрсету сапасын арттыруға, адамдардың өтініш-тілектерімен жұмыс істеу тиімділігін жасауға бағытталған. СаП-орталық барлық тұрғынға қолжетімді, оның ішінде интернет қолданбайтындар үшін өте ыңғайлы. Тәулік бойы жұмыс жасайтын СаП-орталыққа 400-168 қысқа нөміріне қоңырау шалу арқылы дәрігердің қабылдауына талон алады және басқа да анықтамаларды алуға болады. СаП-орталық операторлары осы уақытқа дейін 3000-нан астам қоңырау қабылдады, – деді Жаннат Қожарипова.

Айта кету керек, емхананың Абай, Қарауылтөбе, Коммунизм, КБІ аймақтарындағы 4 филиалы мен До-сан медициналық пункті де осы СаП-орталыққа қосылған.

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету сапасын арттыру мақсатында емханада цифрландыру бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек.

ИДЕЯДАН – ПРОТОТИПКЕ

«HackDay-2017» идеялар фестивалі Сырдағы Start-up жобалардың жарыққа шығуына үлкен мүмкіндік жасады. Бұған дейін біз «Ақылды қаладың» белгілерін алыстан іздейтінбіз. «Ақылды үй» жасау үшін ерекше ақылды болу керек деп түсінетінбіз. Робототехника саласы тіпті біздің қоғамнан бөлек дамып келе жатқан.

☞ Айдана ЖҰМАДИНОВА

Ал, облыс орталығында өткен «HackDay-2017» фестивалі жаңа технология құрастыру біздің жастардың да қолынан келетінін дәлелдеді. Сөзіміздің айғағы, 100 қатысушы болады деп жоспарланған фестивальда 400 жас жоба ұсынған. Көптің ойындағы сауал белгілі: идеялар қалай іске асып жатыр? Біз фестивальдің жеңімпазы, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың программисі Бағдат Қадырбековтің «3D толықтырылған

шындық» жобасы құрылыс саласында қолданыла бастағанын жуырда білдік. Авторлар бірлесіп «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы қайтарымсыз грант иеленіп, жоба аясында «СМК» ЖШС құрылыс компаниясымен келісімшарт жасасыпты. Жобаның маңыздылығы, қоғамға пайдасы қандай? Айталық, «3D толықтырылған шындық» арқылы арманыңыздағы үйдің қандай боларын виртуальды түрде көруге болады. Ол үшін қағаздағы штрих-кодқа не сызбаға смартфонды жақындатыңыз қажет. Экранда видео пайда болып, мобильді қосымша көмегімен болашақ үйді, бөлмелері мен сол аумақтағы көшелерді әртүрлі көлемде көріп, таңдау жасайсыз. Демек, ғимараттар көз алдыңызда бой түзейді. Сондай-ақ, 3D форматта мектеп оқулықтарына да «жан бітіруге» болады. Мәселен, оқулықтағы тарихи қала суретіне смартфонңызды жақындатсаңыз, экранда ежелгі дәуір туралы бейнеақпарат пайда болады. Бұл – денсаулық, білім, сауда, тағы бірақтар салаларда виртуальды түрде толық ақпарат алу мақсатында жобаны қолдануға болады деген сөз. Бағдат Қадырбеков ақпараттық технология саласында тиімді идеяны іске асырып қана қоймай, балаларға білім беру ісін де қолға алыпты.

Жаңадан жасанды интеллект жылдам дамып, адамтестекс темірқұлдар көбейгенімен, балаларды робототехникаға

баулу ісі бізде әлі де кемшіл. Оқушылардың робот жасауға деген құлшынысы жоғары. Алайда, облыс орталығында бұл сала бойынша оқыту курстары аз. Осыны ескерген IT мамандар жуырда IT Education Academy атауымен робототехниканы оқытуға арналған орталық ашты. Жоба «Zhas proJect» жобасында жеңімпаз атанып, қаржыландырылған. Бүгінде Бағдат Қадырбековтен өзге, мұнда Абылайхан Тобаев, Әлия Ергали, Ақжан Ахатай, Нұргүл Төлеу жұмыс істейді. Оқу орталығында екі бағытта білім алуға мүмкіндік бар: бірі – 3D модельдеу, – екіншісі робототехника. Демек, оқушылар бұл жерден анимациялық фильм жасауды, робототехниканың негіздерін үйреніп, робот құрастыруды меңгеріп шығады. Оқу орталығы Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-танымдық кітапханадағы IT парке орналасқан. Сабақ аттанын үш күнінде екі сағаттан жүргізіледі екен. Оқушылар балаларға сабақ түсінікті болуы үшін кейде уақытпен санаспай-ақ практикалық жұмыстар жүргізетінін айтып, Тіпті, оқу мерзімі аяқталғанымен, дарынды балаларды іріктеп, робототехникаға баулу жұмыстары жалғаса бермек. Қазіргі уақытта алғашқы топтың оқу мерзімі мәресіне жетіп, енді екінші топтың оқушыларын іріктеу жұмыстары басталды. Бастама нәтижесіз емес, бірінші топ түлектері Нұрболат Тұрсынқожа мен Серік Бекасыл жуырда өткен облыстық «IT-Бизнестің» байқауында жеңімпаз атанды. «Иыта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» деген осы. «3D толықтырылған шындық» жобасы, IT Education Academy орталығымен танысу барысында осындай ой түйдік. Иә, идеяны прототипке айнаылдырған мамандардың бұл жұмысы – цифрлық қоғам қалыптастырудағы маңызды жоғары, мақсаты аймын бастама.

ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ QR КОД ОРНАТЫЛДЫ

Қазалы ауданында республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерге QR-коды бар тақтайшалар орнатылды.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің әдіскері Бекет Табынбаевтың айтуынша, бұдан былай аудан тұрғындары мен қоғамстар Қазалыдағы ескерткіштер туралы мәліметтерді еш қиындықсыз таба алады. Ол үшін қолында QR-код оқитын арнайы мобильді бағдарлама жүктелген ұялы телефон болса жеткілікті.

– Смартфонға немесе планшетке «Play Market» және «App Store»-дан «QR-код reader» бағдарламасын жүктеп алып, тақтайша бетіндегі QR-кодты сканерлеу арқылы ашып, ескерткіш жайлы ақпаратты қазақ тілінде ала аласыз. Мәселен, ұялы телефон арқылы «Жеңіс» саябағындағы мемлекет және қоғам қайраткерлеріне арналған мүсіндер жанына орнатылған QR-кодты сканерлесеніз, онда бұл мүсіндер қай жылы қойылғаны және осы тұлғалар туралы толық ақпарат береді, – дейді Бекет Табынбаев.

Мұндай QR-коды бар тақтайшаларды облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесі аудандағы 32 ескерткіш пен тарихи-мәдени нысанға орнатқан.

– Бұл бағыттағы жұмыстар әрі қарай жалғаса береді, себебі ауданда бұдан өзге де 63 мәдени-тарихи зор мәнге ие орындар мен ескерткіштер бар, – дейді Б.Табынбаев.

«СБ ақпарат».



Бақытты ұрпақ

Біз үшін жергілікті уақытқа бейімделу алғашқыда ауыр тиді. Үш сағат айырмашылық кәдімгідей күйзелтіп қойды. Оның үстіне ертелі-кеш күннің көзі бір ашылмай тұр. Үздіксіз жаңбыр бүркіп, табиғат тұнжырайды. Ауа райының бұл болмысы көңілді де жабырқатып жібергендей. Мейлі қала, мейлі қалама, біздің қолдан келер шара жоқ, күз мезгілі сенімен санасайды.

Динара Асқарқызының қызылордалық студенттермен алдын ала келісіп қойғаны тіпті қатып кетті. Телефонмен ұдайы тілдеседі. Әрбіріннің мүмкіндігін саралайды. Не керек, олардың сабақтан кейінгі бос уақыты кешкі 17.00 болды.

Мәскеу халқының ұстанымында бір күнге екі мәселеден артық іс жоспарлау қисынға келмейді. Себебі жарты уақытың жолда өтеді. Сондықтан алдына екі сағат салып қимылдамасаң, дйттеген жерге жету қиынның қиыны. Бізге белгілі осы жәйт, алаңсыз отыру жоқ.

Студенттермен кездесу МИСиС оқу ордасы деп белгіленді де, оған ерте қамдануға тура келді. Бас ғимараттың еңселі №111 аудиториясын бір сағатқа босататын болып, институт басшылығы шешіп қойыпты. Ендігісі – тек түрөкелге тілек арту.

Біз құралақан емеспіз. Елдің дәмін көтеріп келдік. Ауылын сағынған азаматқа шоқта піскен бір ұым нанның да дәмі бөлек. Соны білгендей, Бибісара шөлшек, қазы пісіріп шықты. Мәди Аралдың ақ сазанын аркалап, Дәурен Қазалы кәмпитінен сауғасы бар. Нұрболаттың сөмкесі ірімшік пен қауынқакқа, құрт пен қауынқұртқа лық толы. Сырдың құмында тамырлаған қарбыз да қоржында. Былайша айтқанда, бөтен елдегі бауырларға барымызбен базар жасағымыз келеді. Сөйтіп аудиторияның бір бұрышын дастарханға бердік.

Мұндағы студенттердің басын қосып, «Орда» ұйымына біріктіріп жүрген екі азаматты айрықша таныдық. Бірі – МИСиС магистранты Асылан Касен, екіншісі – К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университетінің төртінші курс студенті Айсана Өрікбай. Олар жерлерстерін жақсылыққа бастаған белсенді жастар.

Елде жүргенде елеі бермейтін ерсі қылығымыз келмеске кетті, енді ет жакын туысты тапқандай бүйрек барынша бұра бастады. Қаумалдасып, тонның ішкі бауындаймыз. Таң-тамаша! Өне бір бұрышта Нұрлат отыр, қасында жаңақорғандық Анастасия. Нұрболат та ауылдастарымен құда болатын кісіше арқа-жарқа. Дастанның әуешайға кеткенін қарашы, қармақшылықтар оны сабылғы іздеп жүр. Сексенге тауу студенттің жатырқауды қойып, жақындауға тырысқан ниеті әп-сәтте осылай шаң берді. Оу, мынау Көмекбай Ермеқұлы ғой, өзіміздің белгілі журналист Гүлзазира Жалғасованың ұлы. Сексенімен сұраса берсең қарынбөле болатындай бауырмалдық бар. Бір жағынан бөле-жаратын ештеңе жоқ, бәрі бір қазқтың баласы.

Иә, біз бұларды бақытты ұрпақ санаймыз. Себебі жеткілікті. Айталық, 2014 жылы облыс әкімдігі мен Ресейдің маңдайлық жоғары оқу орындарымен меморандумға қол қойылды. Онда мектеп түлектерінің ең үздіктерінен аймаққа кадр дайындау негізге алынды. Солардың қатарында Мәскеу ұлттық технологиялық университеті, К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті, Санкт-Петербург мемлекеттік өндірістік технология және дизайн университеті бар. Соның жемісін айтсақ, облыс мектептері түлектерінің 436-сы Ресей Федерациясы үкіметінің гранты есебінен білім алып келеді. Биыл 74 түлек оқуын тәмамдап, оның 13-і жұмысқа қабылданды, 42-сі магистратураға оқуға түсті. Дәл осы жылы 58 мектеп түлегі тағы да оқуға қабылданды. Бұл деген береке ғой, облыс басшысының облысқа санған олжасы емес пе? Білімді жастарды қолдауы және қамқорлығы дер едік! Мұндай мүмкіндік болды ма, әрине бақытты ұрпақ үшін берілген сәтті қолдама!

Мәскеу ұлттық технологиялық

(Соның Басы №162
сейсенбі күнгі санда)

зерттеулер университетіндегі (НИТУ МИСиС) кездесуде облыс әкімінің кеңесшісі Динара Бисембина мен «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары Қаныбек Әбдуов білім жолында жүрген жастарға табыс тілеп, еркін сұхбатқа шақырды.

Алдымен Асылан сөз алды. – Мен бес жыл ішінде бірде-бір губерния, не аймақтан арнайы өкіл келіп, жерлерстерімен кездескенін көрген емес-

пікір мен тілекті іні-қарындасар ақ пейілден ағытып жатты.

Одақтық журналистиканың ордасы

Мәскеуге барған әрбір қандасқа бес орынның бағасы биік. Соның бірі – жан

ші Эдуард Дробинский, сәулетші Вячеслав Романенко болды. Әрине, қазір айту оңай, кезінде көп күш жұмсалғаны ұмыт қалмағаны да керек. Абай арқылы қазақ әдебиеті әлемге есік ашса, келесі кезекте акынның асқақ тұғырын өзгеге таныту – бүгінгі ұрпақ міндеті. Бір қызығы, ұлы Абайды ұлықтап, еңселі ескерткіш қою Қырымбек Көшербаевтың елші қызметінде жүргенде жүзеге асыпты. Де-

бар факультетке айналған. Қазір атағы дардай мамандық иелері осы оқу орнының түлектері. Білуімізше, жылына бюджет есебінен 196, ақылы негізде 75, кешкі бөлімге 40 студент қабылдайды.

Қала орталығы саналатын, Қызыл алаңмен жапсарлас жатқан оқу корпусының алдында М.Ломоносовтың тас тұғыры тұр. Айналасы орындық, жағдай егілген ағаш. Жастар еркін сұхбаттасып, сырласып отыратын жайлы жер. «Студенттер арасында қазақ бар ма екен?» деген ой туды да, іздестіріп жүрміз. Алғашқы кездескен қараторы келген бойшаң қызға елпендеп жетіп бардық.

- Қазақсыз ба?
- Нет.
- Тогда...
- Калмышка.
- Аа. Мендүт.
- Мұнымыз «сәлеметсіз бе?» дегеніміз.
- Мендүт.
- Есіміңіз?
- Намджил.
- Сіздерде рахмет деген қалай?
- Хенжанав.

Осылай қалмақ қызымен қысқа ға-

іздеп, тиімді жол табу үшін жиналдык, – деді профессор.

Италияның Перуджи университетінің профессоры Паоло Манчини дәстүрлі басымның бүгінгі мен бұқаралық медианың перспективаларына тоқталды. Сондай-ақ, қоғамдық-саяси коммуникация жүйесінде ақпарат құралдарының рөлі, жаңа медиа аудиторияның назарын аударатын элементтер мен жарнамаларды орналастыру және т.б. сөз етті.

Ал, Хельсин университетінің (Финляндия) профессоры Ханну Ниеминен: – БАҚ қоғамға объективті, жедел ақпарат таратудың жолын іздеуде. Осы ретте, масс-медиа элементтерін біріктіре алатын әлеуметтік желілер басымдыққа ие бола бастады. Яғни, редакторлық бақылау мен түзеуден өтпейтін блогерлердің ақпарат таратуда белсенділігі байқалауда. Дегенмен ақпарат шынайы және ұғынықты болу үшін жеделділікпен қатар сауаттылық та қажет, – деді.

Мұндай ойды Нортумбрия университетінің профессоры (Англия) Массимо Рагнетте қолдап, жаңа медианың проблемалары мен перспективаларына кеңірек тоқталды.

Шындығында, жаһандану дәуірінде жаңалық таратудың тиімділігін арттыру мәселесі өте өзекті. Бұл секциялық жұмыстарда айқын талқылауға ұласты. Онда ғалымдар мен студенттер әлеуметтік сауалнама және ғылыми зерттеу бойынша жасалған тұжырым ортақ ойды біріктірді.

Ал, «ТМД көлемінде журналистік білім беру мәселелері» атты дөңгелек үстелде журналистика саласының өзекті мәселелері жан-жақты ашылды. Журналистика және бұқаралық коммуникация университетінің (Өзбекстан) ректоры Шерзод Қудратходжаев, Беларусь мемлекеттік университеті журналистика факультетінің деканы Ольга Михайловна, Тампере университетінің (Финляндия) профессоры Каарле Норденстренг, Кыргыз-Ресей университетінің профессоры Алексей Куликовский, Санкт-Петербург университетінің профессоры Анатолий Пулю және т.б. қатысқан шара талқылаудан гөрі өз тәжірибелерімен бөлісті. Мысалы, профессор А.Пулю: – Ресейде журналистика мамандығын алуға ынта артты. Тіпті құжат қабылдағанда бір орынға 45 үміткер болды, – деді. Дәл осындай пікірмен профессор Ш.Қудратходжаев: – Өзбекстанда бір орынға 3-4 адам таласады. Бұл – 33 млн халық үшін жақсы нәтиже. Бізде квота жоқ. Есесіне 8 студентке бір ұстаздан келеді. Сабақ еуропалық үлгіде, ашық алаңда жүргізіледі, – деп түйінделі.

Облыс әкімінің кеңесшісі, Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі Динара Асқарқызы жаңа медиа және олардың жұмыс жасау принциптері, цифрландыру аудиторияны қалай өзгертті, жастар аудиториясын тартудың тиімді жолдары жөніндегі ойын ортаға салды.

Жалпы, бізді Мәскеудегі жаңа медианы қолдану аясы қызықтырды. Бұл жерде студенттердің күнделікті медиа жұмыстарына араласуға мүмкіндігі мол. Журналистика факультетінің мультимедиялық орталығында студенттер аудио, видео хабарлар дайындап, әлеуметтік желіде үздіксіз хабар таратады. Яғни, шеберлікті практикалық жұмыс арқылы шынайды. Конференция соңында журналистика факультетінің деканы, профессор Елена Варганова: – Осында ірі шараға арнайы қатысқан Қызылордадан келген журналистерге ризашылығым шексіз. Заман талабы мен уақыт үндестігіне үнілген журналистердің білімге құштарлығы құптарлық, – деді.

Иә, екі күндік конференция көтерген келеді мәселелер бізді бей-жай қалдырмады. Менің есімнен Пулюдің сөзі кетпей қойды: «Бірінші курс студенті IT технологиясы бойынша ұстаздан артық біледі» деген ойланарлық жағдай. Не десек те, біз уақытқа бейімделуіміз керек.

Шереметьево әуешайы. Қою қараңғылық. Жолаушыдан көз сүрінеді. Әуешай іші ірі сауда орындарына толы. Бәрі еуро, доллар, рубльмен саудаласады. Болкім, әуешайдың халықаралық дәрежесі болғасын солай шығар. Былай қарағанда, бәрі қызық, қала көрген, жақсыны білген.

Қаныбек ӘБДУОВ,
журналист.

Қызылорда-Мәскеу-Қызылорда.



пін. Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Елеуұлы Мәскеуге жасаған жұмыс сапарында бізбен диалогтасып кетпейді және үнемі қамқорлық танытады. Бұл жағдай өзгеге өнеге, бізге рух сыйлайды. «Басшың бар ма, бұқараны ойлайтын» дейтін еді шайырлар, елмен етене елағаның елдік асыл мұраты студенттерді жігерлендіреді, оқуға деген ынтасын жаниды. Біз Сырдың бекем болашағын үздіксіз жалғауға дайынбыз, – деді ол. Мұнан кейінгі кезек Айсанаға тиді. – Жақында елші И.Тасмағамбетовпен кездестік. Ол кісі де халықшыл адам ғой, бізді бауырына тартып, ыстық ықыласпен қабылдады. Емен-жарқын жүзесуде менен: «Қай жақтың қызысын?» деп сұрады. Мен: – Сұлу Сырдың бойынан, – дедім. Елші аға: – А. Қырымбектің қызы екенсің ғой, – дегенде сөзін жұлып алғандай мен: «Әрине, солай» деппін. Мұндағы айтпағым, бізді әке-шешеміздей аялап, білім алуға бастап, демеп, сүйеп жүрген жайсан кісі әрбірлімізге ардақты. Алдағы уақытта магистратура оқығым келеді. Сөйтіп туған жерді түлетуге, аға аманатын орындауға атсалысамын, – деді. Дәл осындай

қисылғанда бас тірейтін Қазақстан елшілігі. Бірақ бізді толғандырған мәселе болмады, сондықтан елшіліктің есігін ашқан жоқпыз. Екіншісі – қазақтың қаһарман қызы Әлия Молдағұлова атындағы №402 гимназия еді, оған бардық. Үшіншісі – Шығыс жастарының жетекшісі Ғани Мұратбаевтың зиратына тағым жасау болатын, парызымызды өтедік. Ресей Федерациясының үкіметі грантымен оқып жатқан қызылордалық жастармен жүзесу – төртінші міндет-тұғын. Оны да орайластырдық. Бесінші бағдар – Абай Құнанбаев ескерткішіне бару қалды. Олай болса, кеттік, достар!

Әлем әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётемен бір тізбекте тұрған классик ақынды күллі жұрт біледі. Оның әдеби мұрасы тек рухани қазына емес, терең философия! Сондықтан ол адамзаттың Абайына айналды.

2006 жылы Ресей астанасы Мәскеудің «Чистые пруды» бульварында Абай ескерткіші ашылды. Ескерткіш Қазақстан елшілігі маңайына қойылған. Оны орындаған авторлық ұжымның ішінде мүсінші Марат Айнеков, дизайнер Тимур Сүлейменов, сурет-

мек, Қырымбек Елеуұлының сіңірген еңбегі өлшеусіз екенін айтқан ләзім.

Ескерткіштің орны жай таңдалған жоқ. Халық жәні серуендейтін, у-шудан шеткері «Чистые пруды» бульварында рухани қуат алатын патшалық кезеңнен сақталған көне ғимарат та, жабайы үйрек-қаз еркін жүзген айдында да бар. Табиғаты мен тарихы үйлескен тамаша орыннан біз де үлкен әсер алдық. Ең бастысы, «жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегенге көзім жетті.

Біздің келесі бағыт М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, оның ішінде «Моховая, 9» атауымен көпке таныс журналистика факультетінің ғимараты болды. Ғимарат көнеңің көзі, 1833 жылы архитектор Е.Д.Тюрин мен К.М.Быковский жетекшілігімен салынған. Дәл осы ғимаратта – педагог-демократ Константин Ушинский 1840-1844 жылдары оқыған.

Журналистика факультетінің тарихына келсек, алдымен 1947 жылы министрліктің тапсырысымен филология факультетінің бөлімі, сосын 1952 жылы кешкі және сырттай бөлімі

на танысып алдық. Бір қызығы, қалмақ тілінде де ү, ұ, ө әріптері бар.

Айтпақшы, қазақ демекші, осы жерде ҚазМУ-да ұстаз болған доцент Сәкен Нұрбеков ұшыраса кетті. Доктораңтурада жүр екен, құшақтасып қалдық. Оның айтуынша, мұнда кітап қоры көп, ақпаратқа қолжетімді болып шықты. Ұстаздардың да өте қарапайым қасиетке ие, үнемі жылы қабақ танытатыны, студенттермен құрдасындай араласатыны айтылды. Біз уақытты ұттырмай конференция залына еніп кеттік. Әлемнің 10-нан астам елінен, сондай-ақ Ресей және ТМД медиасарапшыларынан 150 қатысушыны жинаған конференцияны журналистика факультетінің деканы, профессор Елена Варганова ашып, алыс-жақын шет елдерден келген қонақтарды таныстырды. Шет елдің қай тіліне де ағып тұрған деканның сауаттылығына қызыға да, қызғана да қарап отырмыз.

– Журналистика тың бетбұрыстармен бетпе-бет келді. Енді жаһандану жағдайында БАҚ дамуы қалай жүреді? Оған цифрландырудың әсері қандай? Осы сұрақтарға бірге жауап

Konferentsiua

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛЫП ЖҮР?

А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы аясында «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Тұтынушылардың құқығын қорғау – халық тұрмысын арттырудың негізгі жолы» тақырыбында республикалық конференция өтті.

Сара АДАЙБАЕВА.

Оған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов, «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау» қоғамдық бірлестігі басқарма төрағасының орынбасары

Тұрсын Жағыпарова, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті облыс бойынша департаментінің бөлім басшысы Ерқасым Сүлейменов, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Нұрсәуле Мұсаева мен өзге де сала мамандары қатысты.

Жиында басқарма басшысы Талғат Маханов шараның маңыздылығына кеңінен тоқталды. Мұнан кейін Тұрсын Жағыпарова «Тұтынушылардың құқығын қорғаудағы қордаланған мәселелер: шешу жолдары» бойынша баяндама жасады. Кейбір кәсіпкерлердің пайда табу жолын бірінші орынға қоятынын, тауардың сапасына мән бере бермейтінін жеткізді. Сондай-ақ, Тұрсын Бөткенқызы мектеп асханасын жалға алған кәсіпкерлер қызмет сапасын жақсартуға құлықсыз екенін айтты.

Астана қаласының 84 мектебіне жүргізілген тексерулер осыны дәлелдеген. Сонымен бірге елімізге сырттан келетін өнімдердің сапасы да сын көтермей тұр. Мәселен, балалар ойыншығының 95 проценті жарамсыз екені анықталған.

Ерқасым Сүлейменов «Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың заңдық аспектілері» тақырыбында баяндама жасады. Онда тұтынушылардың тауар алған кезде қандай талаптарға мән беру керектігін арнайы дайындалған бейнеролик арқылы көрсетті.

Одан әрі Қорқыт ата атындағы ҚМУ аға оқытушысы Айнұр Исаева өз ұсынысын білдірді. Бірқатар сала мамандары тақырып аясында хабарлама жасады. Жиынға қатысушылар мамандарға сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін білдірді.





Әуелі кино өнері тарихына сәл шолу жасауды жөн көрдім. 120 жылдан астам тарихы бар кино өнерінің тамыры тереңде жатыр, XX ғасырдың құрдасы десе де болғандай, киноның әуелгі кіндігі кесілгендегі есімі – синема. 1895 жылы 28 желтоқсанда Париж қаласында ағайынды Луи мен Огюст Люмьерлер ойлап тапқан кино аппарат немесе жанды фотография бүкіл әлемді таңдай қақтырды. Сондықтан киноның отаны Франция болып саналып, 28 желтоқсан күні дүние жүзінде кино күні болып есептеледі. Бұл өнердің өзі о бастан-ақ көркем, деректі және ғылыми-көпшілік дейтін салаларға бөлінді. Кино Ресейге 13 жыл өткен соң 1908 жылы 15 қазанда келді деген деректер бар. Ал, оның қазақ даласына алғашқы келуі большевик Әліби Жанкелдиннің есімімен байланысты екенін ерекше атаған жөн. Ол былай болған сыңайлы. Қазан төңкерісі алдында революционер Әліби Жанкелдин Еуропа және Азия елдеріне ұзақ сапарға шыққан. Сол сапарынан елге кішкене электроқозғалтқыш пен қырық орам киномаспаны арқайып оралады. Ол киномаспада иетелдік жұмысшылардың ереуілі мен көтерілісі, ашу-ызасы, жындыдары түсірілген екен. Соны үзеңгілес серігі Аманкелді батыр екеуі қоржынға салып алып, ел-елге, алыс жайлауларға апарып жүртқа көрсетеді. Жаңалыққа құмар және қызық көргіш қазақ жапырыла көріп, қос большевиктің үйім-насихатын ұйып тыңдайды. Бұндай іс-әрекетке пролетариат басшысы В.И.Лениннің «бұл жаңалықты Орта Азияға, шығысқа апарып көрсетіндер!» деп берген арнайы тапсырмасы мұрындық болған сияқты.



СЫР Өңірінің кино тарихы

жеткіншекті арман жетелеп, 18 жасында Семей қаласындағы қазақ музыкалық драма театрына алып келеді. Сонда екі-үш жыл әртістік мамандықтың қыры мен сырын танып, ұштастыра білген балаң жас Алматыға баруға құштар болады. Онда ол ашылғанына онша көп бола қоймаған, қазақтың тұңғыш кәсіби опера-балет театрына жеке әнші-солист болып орналасады.

Ораз Әбішұлы театрда алғашқыда «Жалбыр» операсында Міржақып Дулатовтың ән партиясын орындайтын белгілі әнші Қанабек Байсейітовтің дублері болса, кейіннен «Ертарғын» операсында Сыпыра жырғауды, «Қыз Жібекте» Сансызбайдың ән партияларын орындайды.

1939 жылы Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық партия комитеті «Қазақстанда өнер мен әдебиетті одан әрі өркендету» туралы қаулы қабылдап, онда елімізде ұлттық кино кадрларды дайындауға айқын басымдық беруді мақсат еткен екен. Осы жылдан бастап Ораз ағаның өмірі кино саласымен тығыз байланысқан сияқты. Бүкілодақтық мемлекеттік киноматография институтының (ВГИК) режиссерлік факультетіне түсіп, кино әлемінің корифейлері Моисей Левин, Григорий Рощаль және Роман Карменнен тәлім-тәрбие алып, мамандығын шыңдаған. Өзінің шығармашылық жолын институт қабырғасында жүріп-ақ деректі киноның режиссерінің көмекшісі және ассистенті, екінші режиссері ретінде сол кездегі басты «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудияларында стажировкадан өтеді.

Қазақтың ұлттық деректі киносының абыз атасы Ораз Әбішұлы өзінің ұзақ шығармашылық ғұмырында 70-тен астам деректі фильмдермен бірге 300-ге жуық киножурнал жасаған аңыз адам. Шағын мақалада тірі күнінде-ақ аты аңызға айналған Ораз Әбішұлының шығармашылық еңбегінің бәрін толық жазу мүмкін емес. Сондықтан оның Сыр өңірі туралы жасаған кино өнері туындыларына қарай ойысайын.

Ораз Әбішұлы Сыр өңіріндегі шығармашылық жұмысын өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысында бастаған. Алғашқы жұмыстарының бірі «Бір хаттың ізімен» екен. Ол деректі туындының негізіне В.И.Лениннің Арал балықшыларынан көмек сұрап жазған хаты арқау болыпты. Еділ бойы халқының, кедей-шаруаларының қиын хал-жағдайлары пролетариат басшысын Арал балықшыларынан көмек сұрауға мәжбүр еткен. Әліг хатқа жауап ретінде Арал балықшылары Қамыстыбас стан-сасынан 14 вагон балық жіберіпті. Арал балықшыларына риза болған Еділ бойы еңбеккерлері оларға тоқарылық станокты сыйға берген. Орайы келіп тұрғанда, айта кету керек, қазіргі кезде сол хаттың тасқа қашалған көшірмесі Арал қаласының орталық аясында, ал тоқарылық станок бұрынғы кеме жөндеу зауытында

сақтаулы тұр. Арал балықшылары сол кезде аянабай еңбек етіп, балықты өгіз арбамен, түйе шаппамен, 100 шақырымнан аса жерден тасыған деген тарихи деректер бар. Ресейге балық керуенін жіберуде, әсіресе, Бөген, Қаратерек, Қарашалаң, Аманөткел балық колхоздарының және басқа елді мекендердің балықшылары үлкен үлес қосқаны тарихи деректерден мәлім.

Сонымен бірге кинофильмде мәдениет қызметкерлері Шуалабай Ілиясов пен Әзіза Аманованың тойларын түсіргенін, еңбек ардагері, ҚР мәдениет қайраткері Байнияз Тілепов ерекше жылылықпен еске түсіреді. Фильмге өнерпаздар Төлеу Қосанов, Ақжүніс Ыбрашова, мәдениет қызметкерлері ерлі-зайыпты Мұрат пен Базар Сыдықовтар, жас акын Толыбай Абылаевтар қатысқан еді. Сөйтіп Арал балықшылары туралы бірінші фильм көрермендерге жол тартқаны теледидардың әлі дами қоймаған шағында, үлкен мәдени құбылыс болған екен.

Ораз Әбішевтің екінші түсірген фильмі «С днем рождения, Кзыл-Орда» болыпты. Бұл деректі кинокартина Қызылорда қаласының 150 жылдық мерейтойына байланысты әзірленген.

Кинотуындыда Қызылорда қаласының өткені, XIX ғасырдың екінші жартысында онан өсіп-өркендеуімен бірге, тарихи сәттерді көне Ақмешіттегі кірішіс күйіретін зауыттың ашылуы, көшелерінен алғашқы автокөліктің жүруі, базарында есекке артып алып келген сексеуілді сату сәті, тұрғындардың алғаш рет фотосуретке түсуі, Ташкен темір жолымен тұңғыш паровоздың Қызылордаға келуі, т.с.с. сия-рек кездесетін қызықты оқиғалар бейнеленген.

Сонымен бірге ақын Әбділда Тәжібаев, жазушы Мұхамеджан Қаратаев, драма-тург-жазушы Қалтай Мұхамеджанов, жезтаңдай әнші Роза Бағланова, актриса Сәбира Майқанова, кинооператор Файзулла Әбсәлімов және басқалар осы кино кейіпкерлері болыпты. Дала академия-атанған, екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ыбырай Жақаевтың қызылордалықтарды мерейтоймен құттықтауынан бастап, жерлестеріміз бен тойға келген құрметті қонақтарымыздың ыстық лебіздерін режиссердің кинофильмінде асқан шеберлікпен бейнелегені көрініп-ақ тұр. Оның назарынан сол кезде қарқынды жүргізілген алып күріш зауытының, «Гаври-сисовхозстрой» салып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің және кейіннен «Оңтүстік» («Южный») атанған шағын ауданның құрылыстары тыс қалмаған.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының екінші жартысында республикаға екінші тың – мал шаруашылығын өсіру-өркендету және асылдандыру талабы қойылған бола-тын. Осыған орай Ораз Әбішұлы біздің облыста Қызылқұмда жанадан ашылған «Жаңақала» кеңшары туралы «Арманда-стар аралы» атты деректі фильмін түсірген. Оның түсірілуі тарихы былай болған сияқты. Қармақшы ауданындағы бұрынғы

Ленин атындағы колхоздың Қызылқұмдай құнарлы және шұрайлы жерде орналасқан бір бөлімшесін үлкейтіп, бүтіндей мал шаруашылығына бейімдеп жаңа кеңшар ашу көзделіпті. Оның орталығын қуалап аққан «Қуандария» каналының бойындағы тарихи орындар Қарақ әулиенің атымен аталған Қарақ жалы, Тағай, Кекірелі және көне Шірік-Рабат қаласының орны, Сыр-лытам ескерткіштерінің маңы болыпты. Кеңшардың іргетасын қалауды жаңадан директор болып тағайындалған Қаратай Қуанбаевқа, бас зоотехник Сейітділа Жүсіповке, бөлімше меңгерушілері Үмбетияр Салақбаевқа, Зейнабыт Сүлей-меновке және басқаларға тиген екен. Көп ұзамай сол жылы кеңшар активіне бөлімшеде ферма меңгерушісі болып істеп жүрген, бұрыннан танымал іскер жас жігіт Рүстем Ахметов келіп қосылды.

Режиссер кеңшардың іргетасы қалан-ған тарихынан бастап, небір қиыншылық-тар мен қуанышқа толы күндерді шеберлікпен суреттейді. Қызылқұмның кең тосида салынған шопан қыстаулары, тұрғындарға арналған шатырлы үйлер, тартылған электр желілері, көктемгі мал төлдету кезеңі, малға қыстық азық жем-шөп дайындау науқаны, мектепті, көшелерді және әлеуметтік мекемелер айналасын көгалдандыру жұмыстарын көргендіктен түсірген. Фильмнің басындағы бір көріністе кеңшар директо-ры Қаратай Қуанбаев пен бас зоотехник Рүстем Ахметов сенбілікте оқушылармен бірге жүріп ағаш егіп, оның әрқайсысына отырғызған оқушының аты-жөнін жазып қойғаны бейнеленген. Бұл өдіс оқушының ағаштың әрмен қарай өсіп-өсетін кетуіне, баптауына жауапкершілігін туғызатын, үлкендердің жасөспірімдерге берген тағалым тәрбиелерінің бірі екені анық.

Ал екінші бір көріністе Тағай бөлім-шесінде жанадан салынған үлкен қаракөл елтірісін дайындайтын пункттегі қарба-лас жұмыстың өзі кеңшардағы тіршіліктің ауқымының өскендігін білгізеді.

Кеңшардың директоры Қаратай Қуанбаев зейнеткерлікке шығар ал-дында өзімен бірге жүріп сыналған, әрі шыңдалған, ең қиын деген шаруаларды біліктілікпен тындыратын маман, жігіт ағасы болып қалған Рүстем Ахметовті ұсынған екен, аудан мен облыс басшыла-ры оны құп көріп қолдап, өткен ғасырдың 80 жылдарының басында директор етіп тағайындапты.

Кеңшар басшыларының ұйымда-стырумен еңбеккерлер мен тұрғындардың қолдауымен, малшылардың аянабай төккен терінің арқасында кеңшар орталығы ірі елді мекенге айналып, ферма орталығы Кекірелінің өзі орта мектебі бар ауыл атанды. Деректі кинотуындының кейіп-керлерінің бірі, жас шопан Әділбек

барсақ, дйттеген жеріміз сол болып шықты. Бұл жайлаудағы КСРО-ның 50 жылдығы атындағы кеңшардың бас шопан-ы Қалыбай Баймұрзаевтың қонысы екен. Жан-жағы ашық кең дала жақын жерде өзен мен көл жоқ. «Сонда мынау көтеріп тұрған кішкене ғана саябақ тіршілік нәрі – суды қайдан алып тұр?» деп біз аң-таңбыз. Шаруашылық басшылары шопандарға ар-нап артезиан құдығын қаздырып берген екен, соның таза мөлдір суы құр далаға есепсіз күндіз-түні аға-аға көл болғанын көріп, шопандар жайлауға көшетінінен бір ай бұрын, Қалыбай ақсақал ерте көктемде балаларын ертіп, басына жеңіл-желпі қос құрып, жерді соқамен айдап, ағаш-тал егіп, бақша салады. Әні-міне дегенше әлгі бақшадағы егілген дақылдар өз жемісін бере бастап, ал ағаштар көктем-көгеріп жа-сыл желекке тез-ақ айналып, салқын-самал баққа айналған екен. Бір сөзбен айтқанда Баймұрзаевтар отбасы айналдырған 4-5 айдың ішінде өткен еңбектерінің жемісін көріп, қыста тұтынатын азық-түлігін жи-нап үлгереді екен. Ораз Әбішевтің деректі туындысы «Сад Қалыбая» фильмінде осы деректің бәрі қамтылды.

Қармақшы өңірінде түсірілген «Жы-раулар» кинотуындысы да ерекше фильм болды. Бұл картинаны түсіруде ауданның әр түкпірін шарладық. Режиссер мен оператордың назарынан Сырдария өзенінің көрікті жерлері, бес-алты жасар баланың атқа мініп, өзен жағалай шауып жүргені тыс қалмады. Аудан орталығына жиналған бір топ Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлері, ортасында Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекбаев та бар. Кеуделерінде түрлі ордендері мен медал-дары жарқырап, көңіл-күйлері көтеріңкі карттарға сый-құрмет көрсетіліп жатқаны, оларға өте жас жырғау Алмас Алматовтың жырдан шашу шашқан сәтті шеберлікпен көрсетілген. Тағы сәтті түсірілген кадрдың бірі ол жылдан-жылға тартылып бара жатқан Арал теңізі жағасында үлкен судың қайта оралуы күтіп жүрген кейіптегі кішкентай бұлдіршінің суретін сомдап жатқан, суретші Қайырбай Зәкіровтің жұмыс үстіндегі ойлы келбеті. Режиссер кино туындыларының кейіпкерлерінің келешегін болжай біліп түсіретіндей әсер қалдырады. Міне, солардың айтағы ретінде, сол кездердегі жас жырғау Алмас Алматов қазіргі кезде республикамызға белгілі өнер иесі, ҚР еңбегі сіңген өнер қайраткері. Оның есімі мен қазақ ұлттық өнері Америка, Франция, Ұлыбритания, тағы басқа елдерге мәлім. Ал Қайырбай Зәкіров болса белгілі суретші, ҚР еңбегі сіңген өнер қайраткері, Қазақстан Респу-бликасы Суретшілер одағының мүшесі, оның да туындыларының көрмесі көптеген шет елдерде ұйымдастырылды.

Ораз аға 70 жасқа толып, тойына ша-қыру билетін алған соң, шапанымыз және күріштен жасалған портретін алып, ме-рейтой иесін құттықтауға барғанымыз бар. Шара киногерлер үйінде болды, кеш өте көңілді өтті, бір кезде жылы лебіз айту кезегі маған да келіп, бізде түсірілген ту-ындыларымен бірге кино журналдардағы көріністердің біразын тізіп атап шықтым. Кинозалдағылар бұндай жағдайды күт-пеген болуы керек, дуылдапты шапалақ соғып жатты. Мерейлі той шарасынан соң, Ораз ағаның отбасына бардық, үйге де біраз достары мен ардагер киногерлер жиналған екен. Ораз аға мені қонақтарға таныстырғанда қал төрде жайғасқан Кәукен ата Кенжетайұлы орынын тұра сала, «Әй, балам, мына орындыққа ке-ліп отыр» деп, қасындағы бос тұрған орындықты көрсетті. Менің: «Жоқ, мен сіздерге қызмет істейтін керек» дегеніме көңіл аударған да жоқ. Шамалыдан соң Кәукен ата маған қарап, «Мына жерге неге отырғызғанымыз себепті білесің бе?» деп сұрады. Мен ат-таным, сонда ол кісі «Сен кара шаңырақтан келген қонақсың, сондықтан төрде отыруың керек» деді. Сөйтіп Қызылорданың қазғымын ал-ғашқы астанасы болғанының арқасында ардагер аталардың қатарында отырғанымыз бар еді.

Шама келгенінше Қызылорданың өр-кендеуіне, дамуына және өсуіне өз үлесімді қостым той деймін. Өткен ғасырдың 70 жылдарының ортасында қаланың темір жол бойының шығыс бөлігінде сәулетті жаңа жобаман 400 орындық ки-нотеатр салынды. Қызылордада бірінші рет «Аманкелді» атындағы кинотеатр орнаысты атқару комитетінің шешімімен арнайы балалар кинотеатры болды. «Ал-тынсарин» атындағы кең форматты ки-нотеатрда күндізгі кино ашылды. Тағы бір көңіл аударатын жағдай Қызылорда қаласы және облыс туралы бұрынғы түсірілген деректі киносюжеттерді іздегіріп тауып, кино қорыңа жүре бола-тын. Ол да ойдағыдай жүзеге асырылды. Қазіргі кезде бұрынғы облысқопротактың қорында көптеген фильмдер сақтаулы.

Ал, Қызылорда облысының аумағында түсірілген көркемсуретті фильмдер тура-лы сөз қозғайтын болсам, олар мыналар: «Если бы каждый из нас» – («Маржан қызы») және «Соленая река детства» – («Балалық шақтың ашы дами»). Біріншісінің сценар-ийін сатирик-акын жерлесіміз Асқар Токмағанбетов жазып, 1960 жылдың ба-сында режиссер Сұлтанмахмет Қожыков түсірген еді, ал екіншісін сценарийін жазған Абдолла Қарсақбаев еді. Бұл 1982 жыл болатын.

Халқымызда «Жақсыдан хат қалады, темірден тат қалады» деген бар емес пе, тірі кездерінде-ақ аты аңызға айнал-ып, ұлттық деректі киноның абызы болған Ораз Әбішұлы XX ғасырдың кино шежіресін жасап, артындағы өскелең келес-шек ұрпаққа өшпейтін мұра қалдырды.

Тауасар ТҮРСЫНБАЙҰЛЫ,
зейнеткер, кинотанушы,
ҚР мәдениеті мен
кинематографиясының қайраткері,
ҚР Кинематографстер
одағының мүшесі.



Memleket jáne qoǵam qairatkeri Qonysbek Qazantaevtyń týǵany-na-95 jyl



Төрт мезгілдің тосын мінезінен ықпай, ыстық-суығына жығасын жықпай, жал-құмды тістеп өсіп, жан-жағына жұпар шашып тұратын жусандай жанкешті, бүтін ғұмырын кіндігінен байланған туған өлкеңің тағдырына түйіндеген тұлғалар аз ба, бұл маңайда?! Арғықазақ пен бергіқазақтың бес астанасы кереге керген Сыр бойының шежіресін шыжымдасак, ат үстінде тақымы құрғамаған батырлар, кеудесіне жыр қамаған ақындар, шеребемен ширатып сөз бастаған шешендер, «көргені жақсы көш бастаған» көсемдер тағылымы жадына жарық құйып, жүрегіңе жылы ағыстай жүгіріп, андағайлап шықпай ма, алдымыздан?! «Рухани жаңғыру» ұлттық жобасы бойынша солардың шынайы бейнесін ақтаңдақтар тозанынан аршып алып, бүгінгі ұрпаққа үлпәт үлгі, үзілмейтін үрдіс етіп жатырмыз. Аллаға мың да бір шүкір десек те, кешегі кеңес дәуірі туралы тіл қатқанда, анысын аңдап, ақырын басып, айналаға алақтай қарап, қарадай қуыстанып, әлденеден сақтанып, күмілжи беретініміз нәліктен екен? Социалистік қоғамның жепігін желге суырып, қызылшын шымышып теріп, тарихтың қырманына құйсақ болды, аттандап шыға келетін жұрт көп бүгінде. Рас, кешегі жүйенің қиянат-қияпатынан сүйегін сыздап, жүрегің мұздап, иегің кемсеңдейді... Алайда сол кезеңдерде туып-өссе де, бабалар рухын бойына сіңіріп, болмысын бұзбай, ұлтқа кіршіксіз қызмет еткен әкелеріміз бен ағаларымызды қалай ұмытамыз?

«Ақ» пен «қызыл» аяусыз жұлқысып, ақырында кеңес өкіметі біржолата орныққанға, азаттықтың алысқа кеткеніне көзі жеткен Ахмет Байтұрсынұов шарасыздықтан: «Ағы» не, «қызылы» не, жігіттер, ебін тауып елге қызмет етейік енді!... деген екен. Алаш ардагерінің аманаты санасына союле түсірген қазақтың біртуар азаматтары кеңестік құйтырқы сасаттыңн қабатында, жан-дүниесінің қалауын жан баласына сездірмей, ұраншылдықтың ұрасына ұрынбай, көзсіздіктің қазығына бұрылмай, жалаң қылшығын жүзімен жалаңақ жүгіріп, «ебін тауып елге қызмет етті».

Қырық жылдай Сыр өңірінде басшылық қызмет жасаған, абырой-данқы ауыздан ауызға озып, аңызға айналған, қиянатқа жасампаған, сияпатқа тасымаған Қонысбек Төрешұлы Қазантаев есімі де ел жадында ерекше сақталды.

Әдетте, Қайраткер хақында ой тербегенде, екіұдай сезім кешесін. Өмірбаяны өңірдің көз алдында тұрған Қонысбек аға жайлы жазу тіпті де қиын. Ол кісі туралы жұрт жатқа біледі – үлкені ұлықтайды, кішісі қастерлейді. Жазу үстеліме жатқан «Мәңгілік ізін қалдырған» керіскедей кітапты төңкеріп оқып тауыскам, тұтамдай артық әңгіме жоқ, бәрі қаз-қалпында, адал көңілден шыққан аяулы естеліктер...

«Қонысбек Төрешұлы Қазантаевтың қайраткерлігі жайлы қалам тарту – екінші бірі, егіздің сынары түгілі, мыңның қолынан келе бермейтін, құлашы жетіп, құшағына, уысына сия бермейтін, небір мықтылардың да тәуекелі жетпейтін аса жауапты, қиын, мәртебелі де абыройлы жұмыс. Қай жағынан қарасан да, терең тұнғыш, өте күрделі, жұмбақ тұлға. Өйткені ол кісінің бойындағы бар жақсы қасиеттері бірлі-екілі көрген адамға, қарапайым, қарадүрсін, қаруланбаған көзге сырты жылытырап, менмұндапап, айқайлап көріне бермейді» дейді ұзақ жылдар Қонысбек Қазантаевтың дәрегейінде қызмет істеген, ілім-білімі мол аға Сейілбек Шаухаманов. Оған күзәміміз бар ма? Кейін, әкеміз зейнеткерлікке шығып, Қызылорда қаласына көшіп келгенде, үлкендермен ілесіп барып сәлем бергеніміз болмаса, білетін дерегіміз – замандастары мен шәкірттерінің мерзімді баспасөзде жарияланған естеліктері мен ыстық лебіздері ғана. Бірақ сол естеліктерді оқып, келелі басқосуларда қайраткер жайлы әңгімелерді тыңдай отырып, Бауыржандай аңызға айналған осы бір жанның жанына сонышалықты жақындағын сезінесің. Балаң кезімде әкем Өтетілеу «Сыр бойында болыс көп, ең ірісі – Қонысбек» деп айтып отыратын. Қариялардың аузынан құлағым шалған Алматы, Самұрат, Төрейбай билер, Ақмырза ахундардың заманында өмір сүрген шұбартоес, шынжырбалалқтардың бірі шығар деп тұспалдайтын балаң көңіл. Сегізжылдықты бітіріп, Қармақшы ауданының орталығындағы орта мектепте оқудың жалғастырылғанда, Света Қазантаева деген қызбен бірге дәріс алдық. «Қонысбек Қазантаев менің әкем ғой, дұрысы, марқұм әкемнің туған ағасы, Теренөзек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы» дегенде, шалқамнан түсе жаздадым. Үшінші рет әкеміздің есімін Алматыда естідім. Жалағаш аудандық газетінің қызметкері, республикаға әжептәуір танылып қалған ақын Мәлік Аяпов ҚазМУ-дың журналисти-

ка факультетінде сырттай оқитын. Кезекті сессияға келгенінде сәлем беруге барып, Асқар Кірейбайұлы, Бексейіт Шайланов ағамыз бар, шәй ішіп отырғанымызда, бір әңгіменің ұштығын шығарған.

– Қонекеннің арқасында бір ажалдан қалдым. «Ітішпесті» ішіп жүріп көзге түсіп қалсам керек, бастауыш партия ұйымы мәселемді аудандық партия комитетінің бюросына қабырғасынан қойыпты. Бюроның не екенін білеміз ғой, тозақтың қазанында қайнап шығасың. «Қош, партбилет, қош, «Жаңадария» (газет) деп, мойным салбырап мәжіліске кірмеймін бе. Қалалған көздер өңменнен өтеді. Бюро отырысын, әдеттегідей, бірінші хатшының өзі жүргізді. Бастауыш ұйымның қаулысы қатал, партиядан шығарып, жұмыстан босатуға ұсыныс беріпті. Өншейінде бюроның күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты кесіп-пішіп тұрасын айтатын хатшы

жұқанасын ғана жайып, жанымызға ізгілік нұрын құйғаныңды білсең етті!...

Кешегі кеңес дәуірінің «қызығы мен шыжығын» отыздың ортасына жеткенше біз де көргенбіз. Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» газетінде қызмет істеген кезімізде «ескілік қалдықтарымен аяусыз күрес» науқанының қаны басына шапшып тұрды. Құдай жоқ, Алла жоқ! Мұхаммед пайғамбарыңыз алысатар саудагер екен! «Ораза» денсаулықты бұзады! «Намаз» нәмақұлдың ісі! Құдай-ау, не керек, атеизмнің ақшандағына түсіп алып, «дін – апиын» деп аттанға, айқайға басамыз. Ауданымыздағы Жүніс, Смағұл молдалардың шапанын теріс кигізіп, Алладан мың да бір кешірім, газет бетінде «сойып» жатырмыз. Қазалы аудандық «Ленин туы» газеті халық емшісі Дәмеш апайдың ізіне шырақ



қиналып отырған сынаңлы. Ұсыныс оқылып болғанда, талқылауға түсірмей, бірден өзі: «Роман жазатын кезім емес пе, шырағым, ит ішпейтін арақты ішіп, аузыңды былғап, не істеп жүргенің бұлл... Енді менің алдыма мұндай мәселемен келуші болма!» – демесі бар ма! Бюро мүшелерінің бәрі үн-түңсіз, аң-тан! Ағаның маңдайынан ескен «алтынқүрек» желі жүрегімнен кіріп, табанымды қыздырғандай. «Рахмет, Қөнеке, сеніміңізді ақтаймын» дегуге ғана тілім келіп, бүрк етіп қарашығымды тұтқан көз жасымды көпшілікке көрсетпей, сыртқа ата жөнелдім.

– Сосын не болды? – дейміз бейне бір атакты жапон жазушысының мәлтек әңгімесін тыңдап отырғандай.

– Не болушы еді? Партбилетімнен айырылып қалмағаным өлердей қуанып, қызметтен босатылғаным оншалықты өкіне қоймай, өлең жазып жаттым. Біреуінен үзінді оқып берейін.

«Роман жазатындай кезім еді. Неге жұрт сенен, балам, безінеді? Не мынау, ит ішпейтін арақ ішіп, Түрікпен бүлінгенін сезілде!».

Дегені есімде сол бюродағы, Білмеймін, бюро қалай ұйғарады? Қөнекең «меніңшең» «менше» дейтін, Менше, жетер жігітке, жиналады».

Шын айтсам, жақсы ісімнен масқарам көп, Көбісі мені онша қостаған жоқ.

Қөнекең қорғап қалды бір ақынды, Бюродан шықтым мүлде басқа адам боп.

Жазғаным қоспасы жоқ шындық еді, Бюрода жылы сөйлеу сұмдық еді. Азамат болып жүрсем ел қатарлы, Бір ауыз сөзден болар, кім біледі?! Өлең бәрімізге сұмдық әсер етті. «Детектив!» «Баллада!» – деп жамырасып жатырмыз. Әдеттегі асығыс мінезіме мініп:

– Мәлік аға, оқиғаның аяғы немен тынды? – демеімін бе.

– Айттым ғой, бір жарым ай үйде өлең жазып жаттым. Бір күні «Қазантаев шақырып жатыр» деген хабар жетті. Жүрегімді қолыма ұстап, хатшының кабинетіне кірдім. Көрнекті кінген Қөнекең амандық-саулықтан соң, жұмсақ даусыммен:

– Мәлік, тіршілігің қалай? – деп сұрады. – Онша емес... – Ендігі ой-мақсатың қандай? – Ешқандай мақсатым жоқ... – деп шынымды айттым. Жазудан басқа қолымнан не келуші еді?

– Онда, былай. Дүйсенбі күні жұмысына барып, бұрынғы бөлім менгерушісі қызметіне кіресіңсің, – деді. – Партия ұйымының хатшысы мен редакторына айтып қоямын.

Пір тұтып жүруші едім бұрында да, Сөздері жеткен Мәскеу, Қырымға да. Күрметті Қөнекемді өсіме алған.

Бұл менің кіп-кішкентай сырым ғана, – деп аяқтады әңгімесін ақын. – Бюрода, хатшының өзінен бір жарым айлық ақысыз демалыс алып шыққан екенсің ғой, – деп күлісіп жатырмыз. Сонырақ Мәлік Аяпов ағамыз Жалағаш аудандық газетінде басшылық қызмет атқарып, ортасында абыройлы жүрді. Біз сияқты «жаман» інілеріне қамқор болды. Өңдіртпй өлең жазды. Тек ертерек өмірден көшкені өкінішті-ақ Пейіште нұрың шалқығыр ағам-ай, Қайраткердің мөлшерсіз қассылығының

ұстап түсіп алған. Редакциямызға алмасу әдісімен облысымыздағы барлық аудандық газеттердің нөмірлері ұрыбей келіп тұратын. Кім не жазды екен деп парактаймыз ғой баяғы. Өріптестеріміз «партияның тапсырмасын асыра орындауд». Тек Жалағаш аудандық «Жаңадария» газеті ғана тым-тырыс. Көз алдау үшін бірді-екілі тақырыптық сықақ өлеңдер беріп қояды. Факті жоқ... Қазантаевтай басшысы бар ауданның науқаннан тыс қалғанына танданамыз. Сыр бойындағы дін-исламының ірі өкілдері Қалжан ахунның салдырған мешіті бар. Мырзабай ахунның қабірі жатқан ауданда қордасыз жер, молдасыз ел бола ма? Неге болмасын, «Ақкыр» кеңшарында Бұқарадағы «Көкілташ» медресесін бітірген, жоғары білімді тарихшы, кезінде аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарған, төрағасы қызметтерін атқарған, байырғы коммунист Діріс Ақмырзаев дейтін молда бар. Аты аймаққа мәлім. Бірақ науқаншылдықтың сойылы сол кісіге қаға да тиген жоқ. Мәнісін бертін келе «Ақкыр» кеңшарының партком хатшысы Көптілеу Токсановтың естелігінен оқып, білдік.

«Бірде Діріс ағаның үстінен аудандық партия комитетіне дінді уағыздап жүр, қайтыс болған кісілерге намаз шығарып, ақша, мал табады деген мазмұнда арыз түседі. Бұл мәселені партия жиналысында қарамас бұрын Қөнекеңе кіріп, пікірін білгім келді. Сонда хатшы: – Дікең – халық сыйлайтын жақсы ағаның бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері. Қармақшы, Жалағаш ауданы азаматтарының көбі ол кісіден тәлім-тәрбие алған. Сондықтан партия қатарынан шығару маған да оңай болып тұрған жоқ. Бала-шағасы баршылық қой, кеңшардан бір штат бөліп, жұмыс беріндер. Сосын менен сәлем айт, халық үйде отырса да, беретінін береді, – деді. Не керек, Қөнекеңнің айтқаны болды. Партия қатарынан шығарылған жоқ, қайта жағдай жасалынды».

Жалпы, коммунист атауына небір асыл теңеулерді тели беруге болатын шығар. Бірақ ешкім де «иманды» деген сөзді қосақтамайтын. Естігенім де, оқығаным да жоқ. Ал, бірақ біздің Қайраткер «Иманды коммунист» болып шықты!

Қара ормандай құның бар киелі елге, Қарағайдай інің бар – сүйенерге.

Балға салып сақтайтын басыңды, аға, Бәзбіреудің алдында ие көрме.


Көргендей бір тәңірдің сүгіретін, Сіз емес пе – сенетін құдіретім. Біз емес пе – сүлгі іліп иығына, Құман ұстап алдыңнан жүгіретін?!

Сұрамай-ақ ешкімнің арғы атасын, Жолымызды жарыққа жалғатасың. Балғын кезде қондырып бұтағына, Болған кезде биікке самғатасың.

Тіршіліктің тезіне ерік бермей, Мейірімінді жүресің төгіп көлдей. Сәл-сәл ғана жымияған сәтіңіз де, Самарқанның көк тасын еріткендей,

Парасат пен парыздың үрдісіндей, Есімінді ел төбеден жүр түсірмей. Жанғырып тұр әр сөзін жадымызда, Хан салдырған сарайдың кірпішіндей.

Құлақ түрмей жел сөзге алақашпа, Жеміс төккен ұқсайсыз нар ағашқа.



Қолтаңбаңыз қариды көзімізді, Теренөзек, Шиелі, Жалағашта,

Өмір деген – бұрма жол бұрқағы көп, Бұрқақ жолда дәріңіз шырқалы кеп. Төл тарихқа таңбалар қойдық Сізді, Ұлы дала, ұлан бел ұрпағы деп!

Үлгіңіздің өшпейді бәрі де естен, Әділдейді самалдай сәріде ескен. Арман бар ма, шіркін-ай, мына бізде, Табиғатын тұлғаның танып өскен!

Ғұмырыңыз өткен жоқ текке, білем, Жарқырайсыз жұлдыз боп көк төрінен. Жариямайдай жар салып жүрміз бүгін, Қөнекеңнің шықтық деп мектебінен, – деп, қай кезеңдерде Қайраткердің шалғайына оранып жетілген шәкірттерінен артық тани аламыз ба, Қазантаевтың болмысын? Жоқ, тағы да жоқ! Амансыз ағалардың, кеңес дәуірінде де, тәуелсіздік тұсында да туған өңірімізге адал қызмет етіп, біздің «пірімізге» айналған көкелеріміздің естеліктеріне назарымызды тігеміз. Кеше ғана тік тұрып, тік жүрген қалпында дүниеден көшкен, аймақтың айбаты, қазақ елінің қатепті қара нарларының бірі, сөйлесе, аузынан алтын төгілген Сейілбек аға Шаухаманұлы айтады:

«Қөнекеңнің шынайы, шын, толық бейнесін жасау үшін, кісіні терең түсініп, жан-жақты білу үшін, әділ бағалау үшін, кімге де болса, үлкен дәреже, денгей, білім, ақыл, парасат, тәжірибе, ұзақ уақыт қажет. Ол үшін Қөнекеңмен бірге ұзақ жылдар қызметтес, тұзлас, дәмдес, тағдырлас, замандас болу керек.

Шынында да солай. «Сыр бойының Жуковы» атанған, үш мәрте «Ленин», «Қазан Революциясы», екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, еліміздегі аудандық партия комитеттері хатшыларының арасынан алғаш рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының мүшелігіне, Жоғарғы Кеңестің депутаттығына сайланған Қонысбек Төрешұлы Қазантаевтың портретін жасау темір етікке нәл қакқандай ауыр, қаламының ұшынан алтын тамып тұрса да, ақиқатына жете алмайсың. «Ол кісіні жұмыста, тұрмыста, өмірде, жеңісте, қуанышта, қайғыда, ақыл үстінде, ашу үстінде, жылағанда, күлгенде, халықтың алдында, отбасында, қонақта, дастарқанда, туыстарының, жолдастарының, достарының, бақтастарының ортасында көру керек, білу керек» деп толғаған Сейілбек аға бірде Қөнекеңнің үш рет Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылып, жолы болмай қалғанын айтқанда:

Жерге бұрып маңдайын, елге бұрып, Жүйрігім-ай, жүйтікпен желге мініп. Батыраштар бағынды байлады ма, Қырық қабат алдыңнан керме құрып, – деген шұмақтың тіліме орала кеткені. «Ердің үш кезегін» де тартып алған заман-ай. Бірақ халықтың махаббатынан артық атак бар ма, сірә. Пәніден озғанына жиырма жылға жуық уақыт өтсе де, Сыр жұртшылығы, дәп күнде көріп жүргендей, Қөнекеңнің еңбек ерліктерін, асыл қасиеттерін, тазалығы мен адалдығын, ел басқару ісіндегі шалымдылығын, тұтас мамандар шоғырын өсіріп шығарғандығын, сол шәкірттерінің жылдар бойы аймағымызға қалтқысыз қызмет етіп, абыройға бөленгендігін жағын сауып, тілге тиек етуде.

Тазалық демекші, Қазантаевтың ең бір жек көретін нәрсесі паракорлық, жосықсыз сияпат, дүниеқорыңды екен. «Шіркейлі» кеңшарының бас экономисі

Нұрылда деген кісі өз шаруасын білетін, құлық-сұмдығы жоқ, оның үстіне Қөнекеңмен сыйластығы бар жан екен. Бір күні ауылының жігіттері келіп: «Қазантаев бір жылдық демалысын алып, қурортқа жүрейін деп жатыр. Мына бес мың сомды бәріміздің атымыздан апарып беріңізші, жол-түп болсын, – дейді. Нұрекең алғашында азар да безер болады, жалынды қоймағасын, ақшаны қалтасына салып, Қөнекеңнің кабинетіне кіріп, жігіттердің сәлемін жеткізеді. Хатшы сазарып отырып қалады. Қатты әңгіме айтуға жолдасының көңіліне қарайды, жай айтайын десе – қылығы мынау...

– Рақмет, – дейді ақшаны қайтарып беріп жатып. – Жігіттерге сәлем айт, мына дүниені кеңшардың кассасынан алсаңдар, орнына қойыңдар. Қалталарыңнан шығарсаңдар, әркім өз ақшасына ие болсын.

– Ойпырмай, – дейді сыртқа шыққан Нұрекен. – Бекер-ақ араласқан екемің. «Кірейін десем – жер қатты, өлейін десем – жан тәтті», есіктен бетіммен жер басып шықтым-ау...

Жаңадан директорылыққа сайланған жас жігіт кезекті демалысқа жиналған Қөнекеңе «өзіңізге деген ықыласым еді» деп конверт ұсынады. Хатшы басын шайқап, таңдайын қағып тұрып:

– Қайтсем екен, ә? – дейді тыжырынып. Директордың иманы ұшады. Қазір көпшілікті шақырып алып, маскара қылар деген қауіп те жоқ емес. Сірә, абыржып қалған жігітке мейірімі түссе керек, түсін жылытып: – Мынаның ішінде қанша сом бар? – дейді.

– 400 сом! – Осынша ақшаны қайдан алып жүрсің?

– Қөнеке, жаздырып алған өзімнің екі айлығым, ешкімнің көк тиынына тиген жокпын...

– Ендеше, рахмет. Өзің жас директорсың, бұл ақша қазір саған керек. Шынымен ағана ықыласың ауса, мен қызметтен түскен кезде әкеп берерсің, – деп конвертті өзіне қайтарып беріпті. (Ыбырай Сейпұловтың естелігінен).

Қонысбек Төрешұлының өшпейтін данқа бөленуінің бір сыры – мамандарды таңдауда қателеспейтін көрегендігі. Бұл ретте ол тістіге тұяқ бермейтін Қамбар Ата сияқты, қараөктің

үйірінен хас тұлпарларды бөліп айырып, баптау, баулыды, «түндіктен ас берді, түтікпен су берді, бөйгеге қосып, бағын ашты, көлденең көк аттыға омыраулатпады: – облыстық білім басқармасына жай нұсқаушылық орыға кетіп бара жатқан жас мұғалімді жолдан тоқтатып, туып-өскен ауданындағы мектепке директор етіп жіберді. Сырдария ауданы «Қараөзек» кеңшарының директоры креслосына Біржан Көшпаев ағамыздың арқасы тиіп үлгермеді, Қөнекең қақпайлап әкеп, «Жаңадарияның» (кеңшар директоры) жазығына тұсаулады, ауылда балабақша менгерушісі қызметіндегі Алмағұл Божанованы қолынан жетектеп, аудандық жастар ұйымы басшылығының тізгінін ұстатты. Кейін Алмағұл апаймыз тәуелсіз еліміздегі алғашқы әкім жас атанып, Сырдария ауданын басқарды, облыстық мәслихаттың хатшылығына сайланып, қоғам және мемлекет қайраткері деңгейіне көтерілді. Бұл мен білетін деректің мыңнан бірі ғана... Әйтпесе, Қонысбек Қазантаевпен әріптес болған, тәрбиесін көрген ағаларым мен апаларымның есімдерін атауға сарандық жасап отырғанымыз жоқ, қайсыбірін айтып тауысайын...

«Қөнекеңтануды әрі қарай жалғастыру тарихқа, уақытқа, халыққа, азаматтарға, бәрімізге аманат» деп Сейілбек ағам айтпақшы, ірі мемлекет қайраткерлері Қонысбек Қазантаев, Исатай Әбдіқаримов, Елеу Көшербаев, Тәкей Есетов, Көмеқбай Қарақөзов, Діріс Қалиев, Сейілбек Шаухаманов, т.б. сияқты әкелеріміз бен ағаларымыздың өмір жолдары, басқару ісіндегі біліктіліктері мен тәлімді тәжірибелері, ұстаздық ұстанымдары, жеке бастарының моральдық мәдени қасиеттері бүгінгі қоғамға сұранып тұрған ұлттық құндылықтарымыз болса керек. Аманатқа қиянат жүрмейді. «Рухани жаңғыру» жобасы ауқымында Тұлғалар тағылымын жинақтап, көрнекі-ақпараттық-танымдық дүниеге айналдырып, ел арасында кеңінен насихаттап, ұрпаққа ұлағат ету мақсаты алдымызда тұр.

Әңгімемізді Қонысбек Қазантаевтың шәкірті, әріптесі, үлкен шаңырақтың тілеуқоры, мемлекет және қоғам қайраткері Сәмит аға Далдабайұлының естелігінің екі ауыз сөзімен тәмамдасам...

«2000 жылы 1 мамыр мерекесімен құттықтай барып, қасында бір-екі сағат отырып, әңгіме шертіскенбіз. Ертеніне «Қөнекең келіп кетсін дейді», – деп Бағжан апамыз телефон шалды. Бардым. Екеуміз ғана. «Сәмит, ана інілеріне ағалық жасауға тиістісің!... Бір жұмыс бар, ертең Ғанимен бірге Қармақшыға барып қайтсан, ата-бабаларымыздың жамбасы тиген жер ғой, Қорқыт ата бекеті бетіндегі қорымнан менің орнымды өзін белгілесен». Біз үшін биік те заңғар тұлғаның мынадай сөзінен кейін тілім байланып қалды. Ішім ұыл-жып, көңілім босады. Үндей алмай, Бәкеннің бөлмесіне қарай шығып, көзімнің жасын сүрттім. Ол кісі де әңгіменің ауанын шамала-са керек, «ағаң жұмысың айтқан шығар» деп кірпігін сулады. Ертеніне Ғани екеуміз, Жо-сальдан Қөнекеңнің туған інісі Бектай бар, ағаның мәңгілік қонысының орнын белгіледік. Айту ауыр болғанымен, лаж жоқ, келіп, тап-сырманьң орынданғанын баяндадық. «Дұрыс болған екен, – деді Қөнекең ризашылығын білдіріп. – Бұл жұмыс та бітті...»

...Құдай-ау, ажалда да жұмыс деп түсінетін жандар бар екен-ау, бұл өмірде!

Шәһижада ӘБДІКӘРІМОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.



Tulǵa

Жаратушы әр адамның өмір жолын әр қилы етіп, пешенесіне нәсіп еткен. Алайда, қызығы мен қиындығы қатар жүретін ғажайып өмір кімдерден өтпеген?! Өткен күндерге көз жіберсек, талай азаматтар, әріптестеріміз еске түседі. Мына жалған дүниеге небір абзал азаматтардың келіп-кетіп жатқаны өмір заңдылығы болса керек. Алланың ісіне кім қарсы тұрған?! Әсіресе, сол адамның артында аты, хаты, ісі, ізі, қалып жатса, бұл қазақ соған шүкірлік жасаған.

СЫР ПЕРЗЕНТІ

Қалай дегенде, өзі өмірден озғанымен, көрген жұрттың жадында сақталатын жандар болады. Солардың бірі – денсаулық сақтау саласында өзіндік қолтаңбасы бар Мәлікайдар Байбосынов ағамыз болатын.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» дейді атам қазақ.

Мәлікайдар Байбосынов 1932 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келіп, 1951 жылы Кармакшы ауданының орталығындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Қарағанды қаласындағы мемлекеттік медицина институтына түсіп, 1957 жылы, жолдामамен Сырдария аудандық ауруханасына дәрігер маман болып орналасады. Көп ұзамай бас дәрігерлікке көтеріледі. Бұл кездері елдегі денсаулық сақтау саласының жағдайы мәз болмаса керек, оның үстіне қалр мәселесі жетіспей жатқан кез. Ол уақытта небәрі 55 орындық төсегі бар ауруханада медициналық құралдар атымен жоқ, дәрі-дәрмектер жетіспеушілігі орын алған.

Міне, осы кезден бастап, Мәкең халыққа медициналық көмек көрсететін 19 фельдшерлік-акушерлік медпункт ашып, оның 10-ы шалғай тұрғындар үшін, арнайы жасакталған болатын.

Аудандық аурухананың төсек-орны кеңейтіліп, күрделі жөндеуден өтіп, мамандандырылған 15 орындық хирургия бөлімі ашылып, 1960 жылдан бастап, халыққа хирургиялық



медициналық көмек көрсетіле бастады. Бұған дейін науқасқа хирургиялық көмек тек облыс орталығында ғана көрсетілетін. Аудан орталығына жас дәрігер мамандар келе бастады. Мамандандырылған бірнеше кабинеттер іске қосылды. Мәкен бас дәрігер, әрі ота жасаудың маманы ретінде өзінің іскер шеберлігін танытып, аудан халқының ықыласына бөленді.

Ең алдымен, ол кісінің жасаған еңбегін, азаматтық қалпын, кісілік келбетін айту біздерге парыз болмақ. Облыстың денсаулық сақтау саласында жасаған еңбегі, өзіндік орны бар. Өріптестер арасында өзінің ерекшелігімен, азаматтық болмысымен, тұрашыл мінезімен, әркез әділеттік танытып жүретін.

Мәкең денсаулық сақтау саласын жақсарту мақсатында әрдайым өз білімін де жетілдіріп отырды. Әр 4-5 жылда Алматы, Мәскеу, Ленинград қалаларында болып, іскерлік тәжірибесін толықтырып жүрді. Оның қарамағында әр жылдары бірге болған Бекет Жақыпов, Орынтай Мырзағұлов, Ерсұлтан Сегізбаев сынды азаматтар кейін об-

лыста белгілі дәрігер мамандар атанды.

Мәкең жастарға жол көрсетіп, қол ұшын беріп, ұстаздық жасады. Сырдария халқына сыйлы, білікті дәрігер болды. 4 рет аудандық, 5 рет ауылдық кенеске депутат болып сайланды. 1974 жылы «КСРО Денсаулық сақтау қызметінің үздігі» медалімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2 Алғысхатымен, бірнеше рет облыстық, аудандық денсаулық сақтау саласының грамоталарымен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Бірінші дәрежедегі хирург маман атанды. Жалпы 35 жыл еңбек жолының 12 жылын аудандық аурухананың бас дәрігері қызметінде атқарып, қалған 20 жылдан астамында аудандық аурухананың хирургия бөлімінің меңгерушісі болды.

Елде туып, елде өскен баланың қай-қайсысы болса да, оларға дала табиғаты бір бөлек. Соның ішінде Мәкең әр кезде аң аулау, балық ұстау сапарлары туралы естеліктерін жыр қылып айтып отыратын еді.

Біз Мәкеңді өзіне берілген жауапкершілікті мінсіз атқарған азамат деп білеміз. Сырдария аудандық ауруханасының бас дәрігері, оташы маман ретінде Мәкең денсаулық сақтау саласының дамуына зор үлесін қосты.

Жалпы, белгілі дәрігер Мәлікайдар Байбосынов жайлы аудан халқының жадында жак-



сы естеліктер сақталған. Соның бірқатары аудандық және облыстық баспасөз беттерінде жарияланды. Мысалы, «Сырдария» газетіндегі С.Сүлейменов пен Ж.Балабайқызының «Адамға өмір сыйлаған» мақаласы ағаның өмір жолы мен қызметі жайлы көптеген құнды мәліметтер берген. Ал, «Тіршілік тынысы» газетіндегі Мұхамеджан Нұрхановтың «Мәлікайдардың соңғы монологы» (еске алу) шығармасында дәрігер өмірінің соңғы сәтін бейнелеп, табиғатпен үндестікте өмір сүріп, ел ардақтысы болғандығы суреттеледі.

Ардақтар дәрігер ем,

дүйім елім,
Қапыда кеттім қайтсем,
Күйінемін,
Менімен қолың бұлғап
қоштасқандай,
Елестеп тұрып алдың.

Иіркөлім.
«Ажал айтып келмейді» деп жатады. Өлімнің қай уақытта, қашанда жеңілі жоқ, өкініші бар. Сыр еліне, облыстың денсаулық сақтау саласына бір адамдай қызмет еткен, көп жылдар аудандық ауруханаға жетекші, көшбасшы болған, үлкен жүректі дәрігер әріптесімізді ел-жұрт болып қимай шығарып салған едік.

Мәкеннің денсаулық саласында жасаған еңбегі, өнегелі ісі, ешкімге ұқсамайтын ерекше келбеті жадымызда сақталып қалды. Артында өзіңдей, көзіндей болып қалған ұл-қыздары, көзкөргендер тұрғанда, Мәкеннің қалір-қасиеті көз алдымызда елестеп, рухы өмір сүретіні сөзсіз.

«Адамның өлген күні өлгені емес, ұмытылған күні өлгені» деген қағида бар. Мәкең – ұмытылмас тұлға!

Тұрғанбай МАХАНОВ,
Қазақстанға еңбегі
сінген дәрігер.

«Ауылға job»

ЖОЛДАУ АЯСЫНДАҒЫ ЖОБА



Елбасының жаңа Жолдауы халық арасынан қолдау тапқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы іспетті. Жаңа мазмұн мен тың бағыттармен толыққан «Ауыл – ел бесігі» жобасы, әскери-патриоттық тәрбиенің ролін күшейтетін «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестіктері қоғамдағы жаңғыру үдерісіне зор серпін беретіні анық. Мәдени-рухани мекеме ретінде Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі Жолдаудың «Өз жеріңді танып біл!» атты жаңа бастамасы аясында «Ауылға жол» жобасын ұйымдастырды.

Қаладағы №6 орта мектеп оқушылары жоба шеңберіндегі шараның алғашқы қатысушылары болды. Облыстық музейдің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің ұйымдастырған экскурсиялық саяхаты балаларға ауыл тіршілігімен танысуға

мүмкіндік берді. Оқушылар арасында «Зымыран» ойыны өткізілді. Балалар ауылдың тұрмысымен танысып, жылқы шаруашылығымен айналысатын «Абай» шаруа қожалығына барды. Ұлдар тай ұстап мініп, қыз балалар бие сауған әже-апаларына қолғабыс етті.

Саяхат барысында төрт түлікке байланысты мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерден топ арасында жарыс ұйымдастырылды. Лиро-эпостық жырлардағы батырлар арғымақтарының есімдері еске түсірілді. Ауыл тұрмысына байланысты бұйымдар аталып, атқаратын қызметтері балаларға көрсетілді.

Жеткіншектерге ауылдың тұрмыс-тіршілігін, кәсібин таныстырып, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, мал шаруашылығына қатысты ырым-тыйымдарды көрсетуді мұрат тұтқан жобаның алғашқы шарасы нәтижелі болды.

«СБ» ақпарат.

Өнер

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОРКЕСТРЛЕР ФЕСТИВАЛІ

Жақында Атырау қаласында халықаралық оркестрлер фестивалі өтті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен фестивалға елімізбен қатар Қырғызстан, Өзбекстан, Ресейден келген 15 өнер ұжымы қатысты. Ұлы күйші Құрманғазының шығармашылығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шарада Сыр елі атынан Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі өнер көрсетіп, лауреат атанды.



© Сара АДАЙБАЕВА.

Атырау аспанын, Ақжайықтың жағасын күйге бөлеген Құрманғазы бабамыздың атындағы Халықаралық оркестрлер фестивалінде Сыр өңірінің талантты өнерпаздары «Терісқақпай», «Құс-ни-Қорлан», «Нартай сері», «Сыр Ана», «Қорқыт кесенесі» сынды туындыларды орындап, көпшіліктің ерекше ықыласына бөленді.

Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі халық мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында 2007 жылы облыстық филармония жанынан құрылған. Сыр сүлейі Т.Ізтілеуұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында құрылған оркестрге шайырдың есімі берілді. Оркестрдің негізгі құрамы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы мен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжін бітірген кәсіби білікті мамандардан

жасакталған. Респертураларында халық және қазақ сазгерлерінің шығармалары, Батыс Еуропа композиторларының туындылары бар. Сонымен қатар репертуарларына Сыр елінің атақты күйші-композиторлары Қазанғап, Шал Мырза, Бекпембет, Әлшекей, Жалдыбай, Құрқтың Досжаны, Қаражанның Төлегенінің туындылары және жергілікті күйші-сазгерлер Мұрат Сыдықов, Альберт Алмағамбетов, Төлепберген Токжановтың шығармалары енгізілген. Кәсіби өнер ұжымының бүгінде жеткен жетістігі аз емес. Елімізбен қатар, сырт елдерде өтетін түрлі байқаулар мен халықаралық жарыстарда бақ сынап, жүлдеге не болып келеді. Фестивальдің гаала-концертіне қазақ өнерінің хас дүлдүлдері Асанәлі Әшімов, Қатимолла Бердіғалиев, Жүрсін Ерман, Айтқали Жайымов, Айгүл Үлкенбаева қатысты. Гаала-концертті 2000-ға жуық қала тұрғындары мен қонақтары тамашалады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2018 жылдың 29 қазан – 11 қараша (қоса алғанда) аралығында Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен электронды үкімет веб-порталы арқылы (www.egov.kz) көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін арттыру мақсатында облыс тұрғындарының ынталандыруға бағытталған «Барлығын бірдей, әркімге қолжетімді» акциясы өткізілетіндігін хабарлаймыз. Портал арқылы:

- әрбір 250-ші қызмет алушыға ұялы телефон және ақпарат тасығын (флешка) немесе картридер және ақпарат тасығыш (флешка)
- әрбір 330-шы қызмет алушыға смартфон
- әрбір 410-шы қызмет алушыға планшет
- әрбір 720-шы қызмет алушыға фотоаппарат
- әрбір 1550-ші қызмет алушыға ноутбук
- 4100-ші қызмет алушыға теледидар сыйға тартады.

Акция төмендегі электронды мемлекеттік қызметтерді пайдаланушылар арасында жүргізіледі:

- 1) Кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұра рәсімдеу үшін анықтамалар беру;
- 2) Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою;
- 3) Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді рәсімдеу үшін қорғанышылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру;
- 4) Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу;
- 5) Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу;
- 6) Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру;
- 7) Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу;
- 8) Медициналық қызметке лицензия беру;
- 9) Фармацевтикалық қызметке лицензия беру;
- 10) Тұрғын үй көмегін тағайындау;
- 11) II, III және IV санаттардағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру;
- 12) Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат

Тағзым

БІЛІКТІ ДӘРІГЕРДІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛДЫ

Облыстық перинаталдық орталығында Сыр медицинасының негізін қалаушылардың бірі, белгілі дәрігер София Макашеваны еске алуға арналған шара өтті.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған шара дәрігердің өмірі мен еңбек жолынан сыр шертетін бұрыштың ашылуымен басталады.

© Айнұр БАТТАЛОВА.

София Макашева 1923 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1940 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. Екі жылдан кейін соғыс басталып, үзіліс жасауға тура келеді. Сол жылдары ішкі істер басқармасында, Қызылорда қалалық комсомол комитетінде

қызмет атқарған. 1945 жылы Сталинабад мемлекеттік медицина институтында оқуын жалғастырып, 1948 жылы «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Одан соң жолдामамен Шилей аудандық денсаулық сақтау бөліміне меңгерушілік қызметке келді. 1948-1952 жылдар аралығында Сырдария аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, 1952 жылы Қызылорда фельдшер-акушер мектебінің директоры болып еңбек етті. Сол жылы Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы қызметіне тағайындалып, 30 жыл табан аудармастан басшылық жасады. Осы уақыт аралығында облыстық денсаулық сақтау саласы айтарлықтай жетістіктерге жетті. Мәселен, облыс ауруханаларындағы төсек саны 970-тен 6540-қа, дәрігер саны 92-ден 1427-ге жетсе, орта буын медицина қызметкерлерінің саны да едәуір артты. Медициналық бекеттер 76-дан 290-ға, санитарлық автокөліктер саны 19-дан 300-ге

жеткізілген. С.Макашева 2006 жылы 83 жасында өмірден озды.

София Макашеваны еске алуға арналған шара ғылыми-тәжірибелік конференциямен жалғасты. Конференцияда сала ардагерлері Е.Омаров, Т.Маханов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Ә.Назарова быыл 95 жасқа толатын білікті басшы, майталман маманның өмірі мен еңбек жолы, қызметтегі жетістіктері, өмірлік ұстанымдары туралы баяндап, жылжылы естеліктерін бөлісті. Сонымен бірге жыйылғандар София Өтегенқызы туралы перинаталдық орталық дайындаған бейне-роликті тамашалады және үздік жастарға С.Макашева атындағы атаулы стипендия сертификаты табысталса, бірқатар медицина қызметкерлері «Қызылорда қаласының 200 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

Соңынан марқұмның рухына арналып құран бағышталды.

МЖӘ: ЖЕТПІС БЕС ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік, бұл – мемлекеттік және жекеменшік сектордағы инфрақұрылымдық қызметтер мен қоғамдық қызметтер көрсету жобаларын іске асыру мақсатындағы ынтымақтастық.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының мақсаты – елдің инфрақұрылымын дамытуға жеке капиталды тарту және тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру болып табылады.

Қазіргі экономикалық жағдайда мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің маңызы өте зор. Ол мемлекет пен бизнес арасындағы байланысты нығайтуда жаңа мүмкіндіктерді ашады және экономиканың барлық саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолдануды кеңейтеді.

Аймақта мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында денсаулық сақтау, білім, спорт, мәдениет, көліктік инфрақұрылым, ақпараттық технологиялар, қоғамдық тәртіп, әлеуметтік қамсыздандыру, энергетика салаларындағы 75 жоба жүзеге асырылуда.

Бұл жобалар Қызылорда қаласында, аудан орталықтарында, ауылдық елді мекендерде жүзеге асырылып жатыр.

Оның ішінен бірнешеуін атап өтетін болсақ, Қызылорда қаласында «Тарлан» дене шынықтыру-сауық-

тыру спорт кешенін айтуға болады. Аталған спорт кешені жылына 350 балаға спорттың 3 түрінен (бокс, таэквандо, ауыр атлетика) қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласы бойынша 2018 жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында Қызылорда қаласы И.Тайманов көшесінде ауысымына 400 қабылдауға арналған жаңа емхана ғимараты, Сырдария ауданы Ақжарма елді мекенінде дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Арал ауданы Бекбауыл елді мекенінде, Қазалы ауданы Өркендеу елді мекенінде дәрігерлік амбулаторияларды жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда, тағы 15 ауылдық елді мекенде дәрігерлік амбулатория құрылысы жүргізілуде. Оларды келер жылы пайдалануға беру жоспарлануда.

Әсіресе, мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында дене шынықтыру және спорт, білім салаларына арналған жобаларды жүзеге асыру қарқынды жүргізілуде.

Бибінұр ӘШЕКОВА,
облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бас маманы.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылмаларына хабарландыру орналастырылған келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байлданысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Облыстық мәслихат аппаратының ақпараттық тобы.

КИЕСІ ЖЫРДЫҢ ҚОНҒАН ЖЕР

Жаңғырту кезінде батыр ескерткіші тұрған саябақ абағандырылып, тас төсеніштер мен бордорлар төселді. Жарықшамдар мен орындықтар қойылып, демалысқа, серуендеуге қолайлы жағдай жасалды. Жаңарған саябақты облыс әкімі Қырымбек Қошербәев барып көрді. Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашов атқарылған жұмыстармен таныстырды.

Қармақшылықтар А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде екі ғасырлық қала тұрғындарына арнаған ән сәлемін жеткізді. Жүз шайырдың отанынан келген өнерпаздар жыраулар салған сара жолды жалғап, концертті жыр бастаумен бастады. Сахнаға белгілі жырау Бидас Рүстембеков шоқірттерімен бірге шығып, жыр керуенінің базарлығын ұсынды. Сән-салтанаты жарасқан «Әжелер», Байқоңыр қаласынан келген «Русские самоцветы» ән-би ансамбльдерінің, «Восторг» вокальды тобының өнері көпшілікті тәнті етті.

Әкелі-балалы Аққалиевтардың күй тартысы, Байғарсөзтартотбасылық ансамблінің бүкіл залға ән шықратуы, интернационалдық түрік ағайындардың, ұлт аспаптар оркестрінің көрерменге арнаған сыйы көпшілік көңілін серпілтітті.

СБ «ақпарат».

Қармақшы ауданы Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойына Келмембет батыр ескерткішін қайта жаңғыртудан өткізіп, сыйға тартты. Ескерткіш 1999 жылы орнатылған. Ат үстіндегі батыр бейнесі мыстан сомдалып, 5 метрлік тұғырға қондырылған.



АУЫЛ ТОЙЫНДА АҚЫН АТЫНА КӨШЕ БЕРІЛДІ

Астана қаласының – 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығымен тұспа-тұс келген Кеңес Одағының Батыры Жақыпбек Маханбетов ауылының 90 жылдық мерейтойына орай «Ауылм сұлу Сырдың жағасында» атты мерекелік шара өтті. Ауыл орталығынан бірнеше киіз үй тігіліп, тойға келушілерге толассыз қызмет көрсетілді. Ауыл тарихын арқау еткен ән-жыр әуелен, түрлі спорттық сайыстар той көрігін қыздыра түсті.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Қала әкімдігінің қолдауымен, «Жыр керуен» облыстық жыршы-термешілер фестивалі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Өткеннің өрнегіндей өрелі өнер кешіне еліміздің белгілі жыраулары, сондай-ақ, жас өркен жыршы-термешілер қатысты. Жыр кешінде көне мұраның көзіндей қылқобыздан төгілген Қорқыт күйлері көпшілік көңіліне көркем әсер қалдырды.

Енді бір сәт ауыл тұрғындары қазақтың көрнекті ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ибрагим Исаев атындағы көшенің ашылу салтанатына куә болды. Шараға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ауыл әкімі Мәмбетали Ақырзаев қатысты. Ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайлы естелік айтқан Нұрлыбек Машбекулы:

– Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында бүгінгі жас ұрпақ туған жердің әрбір сайы мен қыркасының, тауы мен өзенінің тарихын, әрбір өлкенің есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттерін танып-білуі



тиіс екенін атап көрсеткен болатын. Осы орайда қазақ әдебиетіне қарымды еңбек етіп, өз дәуірінің дабылына үн қосқан, халқымыздың рухани таным-талғамына сай қалам тербеген, бірегей талант иесі, жерлесіміз Ибрагим Исаевтың есіміне көше берілуі – оның еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет деп білеміз, – деді. Осыдан соң ақынның ағайындары атынан Пернебай Балкесов сөз сөйлеп, байыпты іске ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Батырхан Остасев ақсақал батасын берді.

Ауыл тойы кешкінін гала-концертпен жалғасын тауып, онда қала әкімінің мерекелік марапаттаулары табысталды.

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ.

«Орман жануарларының патшасы – жолбарыс, теңіз жануарларының патшасы – айдаһар, ал орман өсімдіктерінің патшасы – женьшень».

Ежелгі Қытай даналығы.



«Женьшень - өмір қуаты» бальзамы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС №RU D-RU, АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

Женьшенің тамыры адам денесінің пішініне ұқсайды. Анықталғандарына қарағанда, тамырдың жоғарғы жағы қарт адамның басын еске түсіреді. Ал одан әрі қарай тармақталған тамыр адамның денесіне, қолдарына және аяқтарына ұқсап-ақ тұр. Тіпті тамыр дәріні зерттеушілердің айтуына қарағанда, жоғарғы әжімді бөлікке мұқият зер сала қарасаңыз, адамның бет бейнесін, мұрын мен көзді, ауызды да анық аңғаруға болады.

Тамыр дәрінің (женьшень) адам денесінің пішініне мұндай сиқырлы ұқсастығын жай көздейсоқтық, табиғаттың қалжыны ғана деп қарастыру дұрыс болмас еді. Себебі, осыдан 3000 жыл бұрын адамдар бұл өсімдікті өз денсаулықтарын нығайту үшін қолданып отырған. Шын мәнінде тамыр дәрі адам денесі пішініне жай сырттай ұқсап қана қоймай, сонымен қатар құрамы мен қасиеттері де ұқсас екендігі дәлелденген.

Қытай тілінен аударғанда женьшень сөзі «жень» - адам, «жень» -

тамыр деген мағынаны білдіреді. Аңыздарға сүйенсек, бір қызығы, женьшень де адам сияқты өмірге келеді екен. Мәлдір суға найзағай түсіп, онымен жер астына барады да, ұрықтанғаннан кейін, сол жерге Құдай ерекше қасиет дарытқан керемет шөп өсіп шығады. Ежелгі адамдар бұл өсімдікті барлық ауруға ем болатын ең пайдалы шөп деп, тіпті өлген адамды тірілтетін қасиеті бар екеніне де сенген.

Бүгінгі таңда арадан қаншама ғасыр өтсе де, ғалымдар тамыр дәрінің аңыздарда айтылған сиқырлы қасиеттерін жоюға шығармайды, керісінше, женьшенің қолдану негізінде дайындалған препараттар шынында да адам өмірін ұзартып, ағзаны жасартуға ықпал ететінін дәлелдеп отыр. Олар физикалық және мидың шаршауын басып, еңбекке қабілеттілігін арттырып, жыныс мүшелерінің қызметін қалпына келтіріп, төбетті жақсартып, қан қысымын реттеп, орталық жүйке жүйесін тынықтыратын қасиетке ие. Осының бәрі шөп дәрі

жасаушылардың ойлап тапқаны емес, ғылыммен дәлелденген факт.

Табиғат женьшеніңді мінісіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты женьшенің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру. Және дәрінің ең жақсы нұсқасы табылды! Өмірлік маңызды «Женьшень» – өмір қуаты» фитонаноцефтикалық топтамасы – бұл көне Сібір шөп дәрі жасаушылардың рецепті бойынша, женьшенің биомассасын нанодо-құрылымдау заманауи технологиясын қолдана отырып жасалған табиғи өсімдік бальзамы.

Женьшеньнің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцефтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы асқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жоғары белсенді компонентті «Женьшень» – өмір қуаты» фитонаноцефтикалық топтамасы то-нуысты көтеріп, ағзаның жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қан ағару қабілетін қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді. Аллергиялық реакцияларды асқындатпай, ісікке қарсы белсенді қызмет етеді.

Құрамындағы негізгі компоненттер:

Алтай балы, Женьшенің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы тұнба, годжи жидегінің концентраты, лимон қышқылы, қаражамыс шетен, алтын тамыр (родiola қызылт концентраты), итмұрын жемісі, валериана тамыры, көк шай тұнбасы, жөке гүлі, гуаран концентраты, қызыл тамыр, түйе жапырақ тамырының концентраты, әлеутерококк концентраты, таңқурай шырыны, эхинацея, қалақай жапырағы, шайырлы концентраты, левзея концентраты, долана, саған – дәйла (Адамстың рододендроны), імбір тамыры.

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегето-таммарлы дистония, тахикардия және т.б.).
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Имунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несең шығару жолдарының ауруларында;
- Ет жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Төрінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде;

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 772 327 88 02

Бір курсқа бальзамның 8 қорашын қабылдау ұсынылады. Бір қораштың бағасы – 4000 теңге. 3 қорашпа алсаңыз, 4-ші қорашпа ТЕГІН

«Женьшень» бальзамы, «Саған Дали» капсуласының қасиеті және «Құдуз» тамшылары туралы сіз мына күні өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз: Қызылорда қаласында 16 қараша күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ө.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Меншік иесі

СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

ІЗДЕУ САЛАДЫ

Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі 7 үй, 15 пәтердің тұрғыны болған, 1945 жылдың 1 сәуірінде туылған Төпжолы Анастасий Ивановичті хабар-ошарсыз кетуіне байланысты зайыбы Төпжолы Мария Исмаиловна іздеу салады.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28935 Тапсырыс №1761

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Көзекші редактор АйнуР БАТТАЛОВА.

керек!» деп, күнделікті өзімді қайрап-қамшылап отырамын. Балалардың болашағы барына сенемін. Кейде олардың ата-анасы алғысын жаудырғанда, жұмысқа деген құлшынысы одан әрі арта түседі. Бәлкім, біздің қызметіміздің ерекшелігі осында шығар, – дейді орталық тәрбиешісі Айгүл Түкенова. Иә, қайырымдылық кең етек алған қоғамда мейірімділік ойнайды. Тек көмекке мұқтажға жылылық таныту – осындай орталықтардың ғана емес, елдің ортақ мүддесі екенін естен шығармасак екен.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

Қызылорда қалалық сотының 2018 жылдың 31 қазандағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3(үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 27-41-15, 8-702-930-21-73, 8-777-047-08-48.